

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

«ЕР – ЕЛ ҚОРҒАНЫ»



**ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫҢ АЙБЫНЫ АРТА БЕРСІН!
ЖАУЖҮРЕК, ҚАЙСАР МІНЕЗДІ САРДАРЛАР МЕН
САРБАЗДАРЫМЫЗДЫ МЕРЕКЕЛЕРІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

ҚАРИЯ – ҚАЗЫНА

ЖӨН БІЛМЕСТІҢ ҚАСЫНДА БАСЫҢ АУЫРМАСЫН

Жыл сайын 9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында елімізде екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері құрметке кенеліп, қошеметке бөленеді.

1939 жылдың 1 қыркүйегінде Германия Польшаға соғыс жариялап, оған қарсы Англия мен Франция бас көтерудің салдарынан тұтанған екінші дүниежүзілік соғыс оты 1941 жылдың 22 маусымында КСРО империясының территориясын шарпыды. Екінші дүниежүзілік соғыс 1945 жылдың 9 мамырында, бірақ тоқтады. 72 мемлекет қатысып, 62 миллионнан астам адамның өмірін қиған қанды қырғынның аяқталғанына биыл 76 жыл толады.

Қазақстанда 6 миллион 200 мың адам болған. Қазақ даласынан майданға 1 миллион 200 мың адам аттанып, 600 мыңға жуық жерлесіміз соғыстан оралмады. Оның ішінде 125 мыңнан астам сарбаз із-түзсіз кетті. 1939 жылы жүргізілген санақ бойынша 100 мыңнан астам отандасымызға екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көрсеткен ерен ерлігі үшін түрлі марапаттар берілді.

(Жалғасы 3-бетте)



ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Тарихтың қай парағын ашсаңыз да, көршілес мемлекеттердің қақтығысы жер мен су үшін таластан басталады. Сол тартыс әлі жалғасып келеді. Өткенде қырғыз-тәжік шекарасында оқ атылды.

Қазір Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы қақтығыс тоқтады. Бірақ шекаралық аймақта болған атыстан екі жақ та біраз шығындалды. Ауылдары өртеліп, жауынгерлер мен жергілікті тұрғындар оққа ұшты. Ауыр трагедия. Біз қырғыз-тәжік қақтығысының түпкі себебін біліп, толыққанды ақпарат алу үшін Бішкекке хабарластық. Қырғыздың белгілі саясаттанушысы Марс Сариев соңғы жағдайлар туралы телефон арқылы сұхбат берді.

Марс САРИЕВ, саясаттанушы:

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БІР-БІРІНЕ ДЕМЕУ БОЛА БІЛДІ



Jas qazaq: Марс мырза, дәл қазір қырғыз-тәжік қақтығысы тоқтады ма? Оқ атылған аймақтағы жағдай қандай?

М.Сариев: Иә, қазір жағдай тұрақтады. Еліміздің оңтүстік өңірінде құрылыс жұмыстары басталды. Республика көлемінде гуманитарлық көмек келіп жатыр. Тәжікстан аумағы өз әскерін шегіндірді. Екі елдің келісуі арқылы Қырғызстан да өз әскерін кері қайтарды. Тәжікстан қырғыз елінен айдап кеткен ірі кара малды түгел қайтарып берді. Бүгінде жағдай қалыпқа түсті. Менің ойымша, алаңдаудың еш себебі жоқ. 9 мамырда өтетін шараға Ресей Эмомали Рахмонды шақырды. Менің ойымша, бұл бекер емес. Өйткені бұл жағдайдың орын алуы Ресейге тиімді деп айта алмаймын. Керісінше, бұл оның беделіне нұқсан келтіретін жағдай. Әсіресе, бұл қақтығыстың Тәжікстан тарапалық етіп отырған ҰҚШҰ-ның (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы) биылғы саммиті мен Қазан қаласында өткен ЕАЭО (Еуразия экономикалық одағы) саммиті қарсаңында болғаны Ресейді қатты аландатып отыр. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиязев телефон арқылы сөйлесіп, шиеленісті тоқтатуға барынша күш салды. Бірақ қақтығыс мұнымен тоқтады деп айту қиын. Көктемнің аяғында, не күзде қайта ушығуы мүмкін. Мұны ескерте кеткеніміз жөн.

Jas qazaq: Қақтығыс неден шықты? Әркім әртүрлі долбар жасап жатыр ғой.

М.Сариев: Тәжікстан негізінен қақтығысқа бұрыннан дайын мемлекет. Оны біздің әскерлер де білді. Өйткені олардың жағынан коммуникация дайындалды, окоп қазылды. Одан бөлек, ауыр техника әкелінді. Бұл бір айдың көлемінде болған жағдай емес. Сондықтан Қырғызстан да әскери жаттығулар өткізді.

(Жалғасы 3-бетте)

OIL



БИРЖАМЕТР

 DOLLAR
427

 EURO
514

 РУБЛЬ
5,7


МӘЖІЛІС

Коронавирусқа қарсы күрестің бірден-бір жолы – екпе. Неғұрлым көп адам вакцина алса, соғұрлым оны жылдам еңсереміз. Басқа жол жоқ. Әйтсе де, ақпан айында басталған бұл жұмыс әлі өгіз аяқпен келе жатыр. Екі рет екпе алғандардың саны миллионға да жетпейді. Осы аптадағы Мәжіліс отырысында денсаулық сақтау министрі Алексей Цой сынның астында қалды.

екі дозадан кейін ғана адам екпе алды деп саналатынын білемін. Министрлік тарапынан жұмысты жылдамдату үшін қандай шаралар қолға алынды?».

Күні кеше екі рет алынатын екпенің арасын 45, тіпті 90 күнге созу туралы денсаулық сақтау министрлігінің шешімі көкейде көп сауал тудырғаны анық. Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин де осыған орай өз пікірін білдірді:

Мәжіліс төрағасы «Сіз екі дозаның арасын 21 күн деңіз, орынбасарларыңыздың бірі 45, 90 күн деген ақпарат таратып жатыр. Мұндай эквилибристика

мердігер ғылым саласына терең еңдей алатын маман емес. Сонда кім жауапты?», – деді Мәжіліс спикері.

Сауалға Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайылов жауап берді: «Үкіметте бұл мәселемен Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов айналысады. Министрліктер ішінде – білім және ғылым министрлігі. Қазір бүкіл техникалық жұмысты әкімдік жүргізіп жатыр. Сол жұмысты бітіргеннен кейін білім және ғылым министрлігінің қарамағына өткізеді».

Бұдан кейінгі Мәжіліс төрағасы өз сауалын денсаулық сақтау министрі

ВАКЦИНАЛАУ НЕГЕ БАЯУ?



«Қазақстанға 2,3 млн доза вакцина әкелдік. Вакциналаудың өзі ерікті түрде жүреді. Біз барынша қолжетімділікті қамтамасыз еттік. Қазақстанның барлық өңірінде вакцина бар. Қазір 1400 вакциналау пункті ұйымдастырылды: ірі сауда орталықтарында салуға болады, ал 300 көшпелі бригада ұжымдарға баралды», – деп есеп берді министр. Сондай-ақ ол вакцинадан жеткілікті екенін және оны өңірлерге жеткізудің нақты кестелері бекітілгенін айтты.

А.Цой «Қазір шамамен 1,4 миллион қазақстандық вакцинаның бірінші компонентін салдырды. Бірінші компонентті салдырғаннан кейін 15-күні ағзада антиденелер пайда бола бастайды. Бастапқыда азаматтарымыз аздап сенімсіздік танытқан болатын, оны бәріміз білеміз. Вакцинаның екі дозасын салған адам ғана вакцинацияланған болып есептеледі», – дейді.

Мәжіліс депутаты Лариса Павловец вакцина егудің баяу жүріп жатқанын сынға алды: «19 қаңтарда Үкімет отырысында бірінші жартыжылдықта 2 млн адам екпе алады, ал жыл соңына дейін 6 миллионға жеткіземіз деп едіңіз. 4 мамырдағы көрсеткіш бойынша 1 422 204 адам бірінші дозаны алған, екінші доза алғандар – 347 774. Дәрігер ретінде

жұртты әбден шатастырды. Тым құрығанда, вакциналауды дұрыс ұйымдастырсаңыздаршы. Өйткені бір ақпарат шығады, одан кейін мүлдем басқа ақпарат шығады. Негізі, Алексей Цой мырза, сіз дұрыс айтып отырсыз. Бастапқыда халықтың қарсы болғаны рас. Бірақ біздің мақсатымыз – вакциналауды дұрыс ұйымдастыру. Мемлекет басшысы да тапсырма берді. Бірақ жеткілікті деңгейде жұмыс жасалмады», – деді.

Мәжілісте қаралған тағы бір мәселе Жамбыл облысындағы вакцина зауытының құрылысына қатысты. Оған қосымша 1,6 млрд теңге қажет екен.

Нұрлан Нығматулин: «Егер біз 1,6 млрд теңгені берсек, ол туралы кейін кімнен сұраймыз? Үш айдан кейін өндіріс іске қосылса, жауапкершілікті кім мойнына алады: әкімдік пе, мердігер ме?» – деген сауал тастады.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өздері тарапынан Жол картасы шеңберіндегі барлық шаралар орындалғанын жеткізді.

«Осы зауыт туралы қаншама айтып жатырмыз. Тұсауы кесілді, PR-науканы ойлағыдай өтті. Енді өндірістің іске қашан қосылатынын нақты айту керек қой. Білім және ғылым министрі мердігерге сілтейді. Ал менің түсінуімше,

Алексей Цойға бағытталды: «Қашан және қандай көлемде отандық QazVac вакцинасымен егу басталады?».

Денсаулық сақтау министрінің айтуынша, биологиялық қауіпсіздік ғылыми-зерттеу институты ай сайын 50 мың доза вакцинаны шығармақ. Кейін оның көлемін 100 мыңға жеткізу көзделген. Жамбыл облысында әлі күнге дейін құрылысы бітпей жатқан зауыт жылына 60 млн доза өндіруі тиіс.

Нұрлан Нығматулин Әлихан Смайыловқа осы мәселенің бақылаусыз қалмауын тапсырды.

Әлбетте, вакциналау ісіне бірінші кезекте денсаулық сақтау министрлігі жауап береді. Әйтсе де, мұндай маңызды шаруаны жүргізуге бір ғана министрдің шамасы жетпейтіні белгілі. Күн сайын коронавирус пен пневмониядан шетінегендер саны 20-дан асып жатқанда біз бейқам отырмыз. Оның үстіне вакцинаға қарсы жұмыс істейтіндер де ірікті салып бағуда. Осының бәрі екпе салудың қарқынын тежей түседі. Оба мен шешектен вакцинаның арқасында құтылғанын адам баласы әлі ұмыта қойған жоқ. Онда неге кері тарта береміз?

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰

«ЖАСАЛАДЫ» МЕН «ЖАСАЛДЫНЫҢ» АРАСЫ

«Нағыз саясаткер ертең, бір ай немесе бір жылдан кейін не болатынын айтып, сосын оның неге іске аспай қалғанын түсіндіріп бере алады».

Заман өтсе де, мәнін жоғалтпаған саяси тәмсілді біздің шенеуніктерге қаратып айтуға болады. Өйткені олар да уәдені үйіп-төгеді. Тек айырмашылығы – оның неге орындалмағанын түсіндіріп бере алмайды.

Бір мысал. «Отандық екпе (вакцина) шығаратын зауыт салынады, сәуірде жаппай өндіріс басталады» деп жалпақ жұртқа жар салынды. Халық кәдімгідей сеніп қалды. Сенбегенде ше! Үкіметтің беделді де белді мүшелері мәлімдеп тұрса, 5 миллиардтан астам қаржы бөлінді. Елдің мерейін өсіріп, миллиондарға шипа болатын екпені күту ғана қалды. Ерте қуаныппыз. Кәсіпорын әлі салынып бітпейті. Қосымша 1,6 млрд теңге керек екен. Не үшін? Берілген уәж түсініксіз. Артур Платонов (*Мәжіліс депутаты*) айтқандай, министрлер, сүйікті тәсілмен жауапкершілікті бір-біріне ысыра салды.

Атқамінердің бәрі сондай деуден аулақпыз. Цифрмен сарай салғыштар қатарына жатпайтын, уәдеге берік басшылар да бар. Мәселен, Амандық Баталов. Жетісу өңіріндегі көпбалалы және тұрмысы төмен аналарға қармақ тауып береміз деді. Еңбекпен өз балығын тауып жесін деген ниетпен. Сөзінде тұрды. Талдықорғанда тігін цехы ашылды. Пандемия кезінде тігін жүдеп кеткен жеңіл өнеркәсіптің бойына қан жүгірді. Ал кейбір әкімдер көпбалалы аналарды «жағдай жасалады» дейтін тәтті сөзбен шығарып салалды...

Әлеумет жайлы да тоқ тіршілікті қалайды. Өркениет игілігін пайдаланғысы келеді. Министр мен әкім уәде еткен жыл соңында немесе 5 жылдан кейін емес. Бүгін. Алматыға қосылған шет аудандардың тұрғындары біраз уақыттан бері ауыз су азабынан, жарамсыз жолдан, көлік кептелісінен құтылғысы келеді. Талай атқамінер «Болады», «Жасалады» деп сендірген көпшілікті. Қазіргі әкім Бакытжан Сағынтаев жылдар бойы қордаланған түйінді шешуге мықтап кіріскен секілді. Кім не десе де, нақты қадам бар.

Басты кедергі – сөз бен істің арасында бақылаудың жоқтығында. Тәп-тәуір жоспар жасалады, жеткілікті дәрежеде ақша бөлінеді. Содан кейін жобаның орындалу барысын қадағалау жайына қалады. Құзырлы орындар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар мен түрлі кеңестер бұл істен шет қалады. Тек іске қосылатын кезде «Зауыт неге салынбады? Ақша қайда кетті?» деп дабыл қағамыз.

Содан шығар, бізде «жасалады» мен жасалдының» арасы тым ұзақ.

Срайлы СМАЙЫЛ



Сөз-Жебе

Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:



«Көп елде сауда мен қызмет көрсету орындарына қойылған шектеу алынды. Шағын бизнес орындары ашылып, жұмыскерлерге толық айлық алуға мүмкіндік туды. Мұның барлығы жаппай вакцина алудың нәтижесі. Ал бізде керісінше, вакцина егу толық жүзеге аспай отыр.

Вакцина шығаратын зауыт әлі салынып жатыр. Құрамын да, құтыны өзге елден аламыз. Тіпті басқа жаққа апарып құямыз. Вакцина бағасы туралы бірде-бір шенеуніктен жауап жоқ. Денсаулық министрлігі екінші вакцина алудың арасы 21 күн, біресе 90 күн дейді. Министрліктегі кейбір шенеуніктер өздеріне 15 млн теңгеге дейін сыйақы қойған. Тым болмаса, сол сыйақыны ақтайтын дәйек пен дәлелді келтірсеңіздер екен».



«ВАКЦИНА АЛҒАН 400 МЫҢ АДАМ ҚАЗАҚСТАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАНША ПАЙЫЗЫ? БҰЛ САУАЛҒА ЖАУАП БЕРУДІҢ ОРНЫНА МИНИСТРЛЕР БІР-БІРІНЕ СІЛТЕЙДІ. КӘСІБИ ТҮРДЕ. ӨДЕТПЕГІДЕЙ, ШЕБЕРЛІКПЕН. ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕГІ ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІН ОБЛЫСТАРДА НАҚТЫ ҚАНША АДАМҒА ВАКЦИНА ЕГІЛГЕНІН ҚАЙТА ТЕКСЕРУДІ СҰРАЙМЫН. ШЕНЕУНІКТЕРДІ ҚАЙСЫСЫ ЖҰРТТЫ ӨДЕЙІ ШАТАСТЫРЫП, ЕРТЕГІ АЙТЫП ЖҮР ЕКЕН?»

Артур ПЛАТОНОВ, Мәжіліс депутаты



Кесте

АЛМАТЫ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ШАҒЫМЫ

Барлығы	118
Мониторинг топтардың әрекетіне	32
Заңсыз тексеру	13
Әкімшілік жауапкершілікке заңсыз тарту	21
Рұқсат қағазын беруден заңсыз бас тарту	18
Мемлекеттік тапсырыс ұйымдастырушылардың әрекеті	11
Басқа себептер	23

Кәсіпкерлер құқығының қорғалуы	33 962
Заңсыз тексеруді тоқтату	118
Негізсіз тексерудің алдын алу	1300
Заңсыз салынған әкімшілік айыппұлды жою	28787 (251 млн Т)
Әкімшілік жауапкершілікке тарту	20 (мемлекеттік қызметтегі лауазым иесі)
Тәртіптік жазаға тарту	12 (мемлекеттік қызметтегі лауазым иесі)

Дереккөзі: Алматы прокуратурасы қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасы

Баға

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ҚЫМБАТТАУЫ (KZT)

	сәуір	мамыр
Картоп	210	260
Сәбіз	200	280
Қызылша	320	400
Алма	450	600
Күнбағыс	550	600
Қой еті	2000	2400

Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы

(Басы 1-бетте)

Төрт жылға жуықтаған екінші дүниежүзілік соғыста Қазақстанның тыл еңбеккерлері 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп пен көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 2 миллион 500 мың дана жылы киім, 100 мыңнан астам мініс аттарын, жіберді. Жаудан азат етілген

жауап беріп, «темекі тартады екен, тым қартан көрінгендіктен, әжеңді тізімнен сызып тастадық» деген Ардагерлер кеңесінің жауапты адамына шара қолдана, келешекте осындай келенсіздікті болдырмау үшін кеңестің жұмысын да бақылауға алар. Әңгіме тоғыз жасында әкесінен айырылып, бала шағынан тауқыметтің қамытын киіп, ауыр жұмысқа араласқан, есейген



ЖӨН БІЛМЕСТІҢ ҚАСЫНДА БАСЫҢ АУЫРМАСЫН

аймақ халқына көмек ретінде 500 мыңнан астам малды алдына салып берді.

Қазақстан екінші дүниежүзілік соғыс кезінде одақ бойынша өндірілетін мыс құймасының 30 пайызын, марганецтің 60 пайызын, мырыштың 85 пайызын, полиметалл кенінің 70 пайызын өндірді. Жауға атылған он оқтың тоғызы Шымкент қорғасын зауытында құйылды. Міне, осындай ауыр да азапты жұмыстарды атқарған осы тыл ардагерлері емес пе еді.

Женістің 76 жылдық мерекесі қарсаңында «тыл ардагерін облыс әкімі құттықтаудан бас тартты» деген ақпарат таралды. Қоғамда абын-қубің әңгіме тудырған даулы мәселеге қатысты Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов жүз жасаған қарт әжейді кешірім сұрап, арнайы барып, құрметін көрсететінін де айтты.

«Келместің кемесін күтіп, жағада тұрған» (*Мұқағали*) төрінен көрі жақын қазыналы қарт әжейдің немересі 9 мамыр қарсаңында облыс әкімі келіп құттықтайды дегенді естіп, қашан келетінін білмекке Шығыс Қазақстан облыстық Ардагерлер кеңесіне хабарласпай ма. Өйткені апта бұрын осы ардагерлер кеңесінен Хауа Бұланбаева тұратын үйге телефон шалып, облыс әкімі құттықтап баратынын айтқан. Білдей бір облыстың басшысы келеді екен дегенді естіп дегбiрi кеткен әжейдiң немересi Манат әзiрлiкке кiрiскен. «Би ата» атанған, елiн iзгiлiкке бастаған, Абайдың әкесi Құнанбайға бата берген Кенгiрбай бидiң тiкелей ұрпағы саналатын Хауа әжемiз де батасын баптап, Ахметов келсе, ақ жол тiлеп, шарапатын тигiзуге дайындалыпты.

Нақты қай күні келетінін білмекке облыстық Ардагерлер кеңесіне хабарласқан Манат мынадай жауап естиді: «Ол кісі темекі шегеді, әрі тым көрі болғандықтан (*100 жасын меңзеп отыр — ред.*) әкім құттықтап баратын адамдардың тізімінен сызып тастадық». Немересі көңілі көк тіреп, босағаға көз салып жол қарап отырған әжесіне жайсыз жайтты қалай айтарын білмейді. Онай емес қой, Манат әлеуметтік желіге ішіндегі қыжылын ақтарып, Ардагерлер кеңесінің қоясын ақтара жазады. Тұрғындар облыс әкімінің әлеуметтік желідегі ресми парақшасын түйреп (*тегтен*) пікір жазып, егер құттықтап келуге жарамаса, өздері арнайы баратындарын, ғасыр жасаған қарт әжеіге құрмет көрсететінін айтқан. Күн санап қатары сиреп бара жатқан қарттарға құрмет көрсету әркімнің парызы екені де жазылды. Қоғамның «қызуын» бірден көтеріп жіберген жазбаға қатысты облыс әкімі Даниал Ахметов бұй деді: «Өкінішке қарай, облыстағы Ардагерлер кеңесінің тарапынан дәрежелі болғанын мойындаймын. 7 мамырда міндетті түрде жерлесіміз, тыл еңбеккері Хауа Бұланбаеваны Женіс күнімен құттықтауға барамын. Мен қарияның немересі Манатпен сөйлестім. Кездесудің мән-жайын талқыладық. Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің жеңіске жетуде қосқан үлесі зор. Жыл сайын 9 мамыр қарсаңында мен облыстағы ардагерлерді ерекше ықыласпен құттықтаймын. Сондай-ақ алдағы уақытта мұндай келенсіздіктерге жол бермес үшін Ардагерлер кеңесінің жұмысына тиісті түзетулер енгізілетін болады».

Эпидемиялық ахуал өршіп тұрғандықтан, қарт кісілердің вирусті тез жұқтыру қаупін білгендіктен, облыс әкімі ардагерлер мен тыл еңбеккерлерін құттықтап барар алдында ПТР тест тапсырады екен. Мұнысын өңір басшысы қариялардың өмірі мен денсаулығына қауіп тудыруға жол бермеудің әрекеті деп түсіндіріпті. Дұрыс қой, «сақтансаң, сақтаймын» деген бұлжымас қағиданың қасиетін былтырдан бері біліп, сезініп келеміз. Даниал Ахметовтың атынан



соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы көмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары — 22 адам (*әрбір қатысушыға төлем мөлшері — 100 мың теңге*); Басқа некеге тұрмаған, қайтыс болған ҰОС мүшелерінің әйелдері (*күйеулері*), қайтыс болған ҰОС қатысушыларының, партизандардың, астыртын күрес жүргізушілердің, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтардың әйелдері (*күйеулері*), мүгедек деп танылғандар — 531 адам (*әрбір қатысушыға төлем мөлшері — 100 мың теңге*) береміз деген әкімдік түрлі марапат алған 320 тыл ардагеріне 100 мың теңгеден, марапатқа ұсынылмаған 12 504 тыл еңбеккеріне 42 500 теңгеден таратпақ екен. Ғасыр жасаған қариясына құрмет көрсетуді алғашында оғаш көріп, қоғамның қысымынан кейін ғана «тілін қаламаға келтірген» шенділер биыл ардагерлер мен тыл еңбеккерлерін марапаттап, құрметтеуге бюджеттен 705 миллион теңге бөліпті.

Осыдан аттай сексен жыл бұрын соғыс өрті шарпығанда үрей мен қорқыныштың қармауында жүріп, жанкештіліктен еңбек еткен 20 жастағы бойжеткен Хауа «келер ұрпағым мені осылай келеке жасайды» деп ойлаған жок қой. Ол заманда адамдардың пейілі сүттен ақ, судан таза мөлдір еді. Қазіргідей қазымыр, тасбауыр емес.

Қуаныш РАХМЕТ

(Басы 1-бетте)

Барлаушылар ол жақтың қандай да бір қактығысқа дайындалып жатқандығынан ақпарат беріп отырды. Қырғызстан Тәжікстан тарапынан болған агрессияға қатты таң қалды. Іс жүзінде олардың тарапынан үлкен соғыс отын тұтандыру әрекеті болды. Бұл жерде су ресурстарына талас бар екені анық. Негізі, Тәжікстан тарапы қырғыз ауылдарын өртеп, ол жақтағы жергілікті тұрғындардан құтылуы ойлағаны көрініп тұр. Одан бөлек, Ворухка жол ашатын дәліз жасау көзделді. Одан

бөлек, Ферғана ойпатында екінші Қарабақты алу. Әрине, бұл жағдай Ташкент пен Нұр-Сұлтанға тиімді емес. Екі ел үшін де қактығыстың жана ошағының жандануы кері әсерін тигізеді. ҰҚШҰ әскерлерінің бұл аймаққа келуі Өзбекстан мен Қазақстанның позициясын әлсіретеді. Ш.Мирзияев пен Қ.Тоқаевтың Рахмонға хабарласып, қактығысты тоқтатуды сұрауы өзінде үлкен мән бар. Одан бөлек, Жапаровқа да Тәжікстанның ықпалына еріп кетпеуді өтініп, ұдайы қолдау білдіруі бекер емес. Өйткені Тәжікстан Қырғызстанды соғысқа итермеледі. Ал Қырғызстан үлкен қактығысқа дайын болмады. Қырғыздың әскери техникасы шекара маңына жеткізілмеген болатын. Сондықтан қактығыс кезінде шекаралық әскери жасак қана шабуылға төтеп берді. Қактығыстан келген шығынға келсек, Қырғызстан 5 жауынгерінен

Марс САРИЕВ,
САЯСАТТАНУШЫ:

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БІР-БІРІНЕ ДЕМЕУ БОЛА БІЛДІ



айырылды. Тәжікстан тарапынан да әскер шығыны бар. Қалай болғанда да, Қырғызстан тәжіктердің арандатуына жол бермеді. Өйткені Қазақстан мен Өзбекстан Қырғызстанға дұрыс шешім қабылдап, қантөгістің алдын алуына барынша көмектесті.

Жас qazaq: Қырғыз-өзбек-тәжік арасында әлі күнге дейін айқындалмаған шекаралық аймақ көп пе? Бар болса айтып берсеңіз. Мысалы, осы оқ атылған өңір де шекаралық бөлінісі әлі айқындалмаған анклав аймақ екен.

М.Сариев: Көрші елдер арасында текетірес болып тұрады. Бұрын Өзбекстанмен текетесетін Сох ауданы аймағында мұндай оқиға жиі орын алатын. Ол жердегі тұрғындардың 90 пайызы - Өзбекстан азаматы, бірақ

ұлты - тәжік. Билікке Ш.Мирзияев келгелі бері Сох аймағы маңызын жойды. Одан бөлек, Тәжікстанның Ворух анклавы бар. Бұл аймақ Қырғызстан территориясына сұғынып тұр. Ол аймақта 30 мыңдай тәжік тұрады. Тәжіктер бұл жерде тікелей кіреберіс болғанын қалайды. Қырғыздар тәжіктерден Ворухты сұрап, оның орнына Тәжікстанға жақын басқа жерді бергісі келген. Бірақ мұнысы дұрыс болмады. Одан бөлек, бұл аймақта болған тағы бір қателік — біржақты демаркация жүргізу. Әрине, бұл жағдай өз кезегінде Тәжікстанды қатты алаңдатты. Аталған аймақтағы тағы бір шешімін таппай отырған мәселе — Қозы-Бағлан су қоймасын салу. Бұл өзен Қырғызстаннан бастау алады. Ал Тәжікстанның Хужан қаласы осы өзенді пайдаланып отыр. Су қоймасын салу. Ворух дауы сияқты басы ашылмаған мәселелер Тәжікстанның ашуын тудырды десе де болады. Өйткені Ә.Рахмон Ворух тұрғындарымен кездескенде ешқандай жер алмасудың болмайтынын нықтап айтқан болатын. Бұдан бөлек, Тәжікстанның экс-сыртқы істер министрі Қырғызстан саясатына ашулы түрде қарсылық білдірді. Осының барлығы екі ел арасындағы қарулы қактығыстың туындауына себеп еді. Сондықтан қолайлы сәтті таңдағандары көрініп

тұр. Өйткені дәл сол күні Қырғызстан қорғаныс министрі Душанбедегі Саммитке қатысып жатты. Сол уақытта премьер-министр де Қазанда өткен ЕАЭО саммитінде болды. Ал Қырғызстан Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитетінің төрағасы, генерал Қамшыбек Тәшев Германияға ем алуға кеткен болатын. Бішкекте тек С.Жапаров қана қалды. Осындай қолайлы уақытты пайдаланып, шабуыл жасалды. Бірақ ҰҚШҰ жарғысы бойынша мұндай қактығыс кезінде олар араласпауы керек. Ташкент пен Нұр-Сұлтан араласып, қактығыс тоқтағаннан кейін ғана Ресей белсенді бола бастады.

Жас qazaq: Саясаттанушы ретінде айтыңызшы, осы қайғылы оқиға кімдерге тиімді болды? Сіз бұдан бұрын «Әлемдегі державалар арасында Орталық Азия елдеріне өз ықпалын жүргізу үшін күрес басталады» деп едіңіз.

М.Сариев: Қазір Қырғыз елі, Түркия, Өзбекстан және Қазақстанға қарай бет бұрып отыр. Өйткені бауырлас мемлекет болғаннан кейін алғашқы көмекті ұсынған да осылар. Сондықтан Ә.Рахмон Мәскеуден ауыр сөз естітінді анық. Осы кездесу арқылы Ресей өзінің әлі де төбе би екенін көрсетпек. Әрине, бұдан бөлек, Украина, Грузия, Оңтүстік Кавказдағы жағдайлар да Ресейдің беделіне әсерін тигізді. Бүгінде Орталық Азияның төрешісі Нұр-Сұлтан мен Ташкент деп айта аламын. Екі ел Орталық Азиядағы тыныштықты қадағалап, әрдайым өз ұстанымын көрсетіп отыратынына сенімдімін.

Жас qazaq: Қырғыз, тәжік және өзбек арасында айқындалмаған шекаралық аймақтың бар екенін айтып өттіңіз. Жер дауын шешу онай шаруа емес. Десе де, бұл мәселе қашанға дейін созылады? Бір шешімі болуы керек қой?

М.Сариев: Қырғызстан тарапынан шекаралық аймақтардың мәселесін шешу кәсіби түрде жүргізіліп жатқан жоқ. Олардың асығыс шешімдері екі елдің арасындағы түсінбеушілікке алып келеді. Мысалы, Өзбекстанмен шекаралық мәселе біршама шешілді. Қырғызстан тарапынан қателіктер болды. Бірақ ол да өз шешімін тапты. Ал Тәжікстан жағы осы қателіктерді пайдаланып, Қырғызстанға өз қарсылығын білдіруде. Қырғызстан мәселені тез шешкісі келеді. Әрине, бұл өз кезегінде шұғыл шешіле қоятын дүние емес. Сондықтан тәжіктер осы әлсіз тұсты пайдалануда. Біз де өз қателігімізді мойындауымыз керек. Он жылдан артық уақытқа созылған мәселені қолды бір сілтеп шеше салуға болмайтынын түсіндіміз керек. Өйткені шекара мәселесінің өте сауатты, кәсіби түрде шешілгені дұрыс, Бұған кәсіби команда, көп уақыт қажет. Біз, яғни Қырғызстан жағы өз қателігімізді мойындауымыз керек. Бұл жағдайдан сабақ алып, мәселені кәсіби түрде шешуге тиісіміз.

Жас qazaq: Қырғыз президенті Жаппаров Баткен оқиғасынан кейін сөйлеген сөзінде ішкі арандатушылар туралы айтты. Бұл жерде «ішкі арандатушы» деп кімдерді айтып отыр? Қырғызстанда шетелден грант алып жұмыс істейтін ұйымдар көп екені белгілі. Бұлардың әрекеті елдегі тұрақтылыққа кері әсерін тигізіп жатқан жоқ па?

М.Сариев: Көптеген үкіметтік емес ұйымдар бізде Батыстан қаржыландырылады. Көбінесе, Баткен өңірінде үкіметтік емес ұйымдар белсенді. Олар елде кәсіби түрде барлау жүргізеді. Елдегі осал аймақтарды зерттейді. Әрине, олардың грант алатынын, қаржының тікелей АҚШ-тан төленетінін білеміз. Сондықтан Батыс елдері бізгегі жағдайды жақсы біліп отыр. Қырғызстанның оңтүстігіндегі жағдайға Батыстың, Лондонның қатысы бар деп айта алмаймын. Олар бақылап, барлығын біліп отыр. Батыс елдері Қырғызстан тәжіктерге қарсы әрекет етіп соғыс тұтанады деп ойлады. Бірақ көрші Өзбекстан мен Қазақстан араласқаннан кейін Қырғызстан Тәжікстанның арбауына түспеді. Мұны айтып өттім. Батыстың ойынша, соғыс тұтанып жағдайда Тәжікстан Ауғанстан мен Ираннан көмек сұрайды. Ал Қырғызстан Өзбекстан мен Қазақстаннан, сосын Түркиядан көмек күтеді. Сөйтіп, олар осы аймақта соғыс ошағы пайда болады деп ойлады. Оған Ресей мен Қытай да араласуы мүмкін деп болжады. Бірақ олай болмай қалды. Менің ойымша, қазір жағдайдың жана бір белесіне көтерілді. Әсіресе, Қырғызстан мен Қазақстанның етене араласуы өз жемісін беруде. Одан бөлек, Өзбекстанның да көмекке келуі қырғыздар үшін үлкен мәртебе болды. Бауырлас елдердің қиын сәтте бір-біріне демеу болғаны көңіл қуантады. Біз Қазақстанның көмегін ешқашан ұмытпаймыз!

Жас qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН



Белес

Қазақстанда бұрын-соңды болмаған жоба Шымкентте басталды. Еліміздің үшінші мегаполисінде Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту мақсатында «Шымкент жастар лигасы» жарыстары өткізілуде. Аталған жоба шаһар басшысы Мұрат Әйтеновтің басшылығымен және қалалық Жастар ресурстық орталығының қолдауымен жүзеге асып жатыр. Сайыстар осы жылдың наурыз-маусым айлары аралығында спорттың 4 түрінен (футбол, волейбол, баскетбол, шахмат) өткізіледі.



Әр ауданға қарасты мектептер төрт топқа бөлініп, наурыз-мамыр айларында өзара сынасып, топ жеңімпаздарын анықтайды. Аудандардағы ойындардан соң өз тобынан жеңімпаз болып шыққан 16 мектептің командалары мамыр айында 1/8 финалда ойындарды жалғастырады. Баскетбол, волейбол, футбол жарыстарының жеңімпаздары маусым айында Қала күні мерекесінде марапатталады.

Ал шахмат жарысы қыркүйек айында басталады. Өз мектебінің командасына жігер беріп, рухын көтеру мақсатында мектеп жанынан фан-клубтар құрылды.

Қазіргі уақытта төрт аудан бойынша волейбол және футбол, баскетбол жарыстары өтуде.



Шымкент қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, 10 сәуірге дейін футболдан 27 мектеп командасы өзара бақ сынады. 108 мектеп командалары ойынды енді бастайды. Баскетболдан 94 команда ойын өткізді, 36 мектеп командасы енді ойнайды. Волейболдан 96 команда ойын өткізді, 35 команда енді бастайды. Шахматтан 140 мектеп командасы қыркүйек айында жарысты бастайды.

Қала басшысы: «Пандемия денсаулық калірін ұғындырды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, қалада бұқаралық спортты дамытуымыз керек. Осы мақсатта қолға алынған Жастар лигасының маңызы зор. Жастар арасында спортты дәріптеуді одан әрі жетілдіре түсу қажет», — деп атап көрсетті.

Бүгінде «Шымкент жастар лигасы» жобасы аясында баскетбол, волейбол және футбол ойындарынан сайыс бірқатар мектептерде жалғасын тауып жатыр.

Салауатты өмір салтын насихаттауға негізделген турнирде қала әкімінің орынбасары Мақсұт Исахов қатысушыларға сәттілік тіледі. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған жарысқа қаладағы 2000-ға жуық мектептің оқушылары бақ сынауда.

Айта кеткен жөн, бұл сайыстар санитарлық-дезинфекциялық және карантин талаптарына сәйкес өткізілуде. Турнирге қатысушылар арнайы бекітілген кесте бойынша бақ сынады.

Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, бос уақытты тиімді өткізу, бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған спорттық іс-шаралар одан әрі жалғасын табатын болады.

Үшінші мегаполисте бұқаралық спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыс көп. Таяуда стэндтік атудан V Жастар ойындарының ашылу салтанаты өтті. Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Мақсұт Исахов жарыстың ашылу салтанатында кешенді жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

2021 жылғы 26 сәуір мен 3 мамыр аралығында «SHYMKENT SHOOTING PLAZA» ату кешенінде стэнд атудан V Жастар спорттық ойындарын өткізу жоспарланған. Сайыста Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларынан, Алматы, Қызылорда облыстарынан, жалпы 100-ге жуық жас спортшы бақ сынады.

Осы кешенді жарыс аясында стэнд ату спорты танымал ету, спорттық резервтердің оқу-жаттығу процестері дайындығы сапасын тексеру, келешекте үміт күттіріші жас спортшыларды республиканың құрама командасына іріктеу жүргізу мақсат етілген.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБА ЖЕҢІМПАЗЫ

Шымкенттік студент Дастан Өмірзақ — «ҚР колледждерінің ТОП 100 студенті» республикалық жобасының жеңімпазы.

Білім және ғылым министрлігі 2020 жылдың қорытындысы бойынша, колледж шәкірттерінің арасында республикалық жоба ұйымдастырған болатын. Жобаның мақсаты — әр өңірдің үздік студенттерін анықтау.

Аталмыш жобаға қатысу үшін шәкірттер 3 іріктеу кезеңінен өтті. Бірінші кезең колледждер арасында болса, кейіннен аймақтық деңгейде де сыналды. Ал республикалық кезеңге жеткендер онлайн дауы беру арқылы анықталған.

Дастан қазіргі таңда М.Өтебаев атындағы Жоғары жана технологиялар колледжінде «Фимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша 4-курста білім алуда. Кәсіби біліктілігін ұдайы жетілдіріп жүрген болашақ маман. Плитка жапсыру, сылақ жұмыстарын іс-тәжірибеде өте сапалы, ұқыпты орындайды.

Алдымен қалалық іріктеу кезеңі өтіп, онда үздік деп танылғандар республикалық додаға жолдама алған болатын.

Нәтижесінде республикалық ғарыштық физика мен астрономиядан ғылыми жоба жарысы бойынша 7-10-сынып оқушылары II дәрежелі дипломдарға ие болса, физика және астрономия олимпиадасынан бас жүлде және I орындарды иеленді. Жетекші мұғалімдеріне білім және ғылым министрінің «Алғыс хаты» табысталмақ.

ЖАҢА МАМАНДЫҚ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Шымкент қаласында еңбек нарығына қажетті білікті кадрларды даярлау мақсатында биыл «Жас маман» жобасы шеңберінде 5 оқу орнын: Индустриалды техникалық колледж, Политехникалық колледж, Энергетика және байланыс колледжі, Тамақтандыру индустриясы және сервис колледжі, М.Өтебаев атындағы жоғары жана технологиялар колледжін заманауи материалдық-техникалық базамен жаратқандыру үшін қаржы қарастырылды.

Одан өзге, колледждерде өңірге қажетті туризм, құрылыс, жеңіл өнеркәсіп, үй жағдайында бала күтуші, IT мамандықтарына лицензиялар алынууда.

Алдағы уақытта білім алушылардың дуальды жүйемен білім алған мерзімі еңбек өтілі ретінде есептелуі үшін әлеуметтік серіктестермен келісімшарттар түзілу үстінде. Колледждерде ақылы негізде қызмет көрсету, оқу-өндірістік шеберханаларда, шаруашылықтарда дайындаған өнімін сату мүмкіндігі қарастырылады.

Сонымен қатар «Жас маман» бағдарламасы аясында толық жабдықталған №6 «Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» студенттері арасынан жоғары білікті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау және «WorldSkills» жұмысшы мамандықтары чемпионатының» сән технологиясы құзыреттілігі бойынша Қазақстан құрама командасын дайындау, «Future Skills» мамандығының «цифрлық модельдеу» құзыреттілігін ашып, үздік әлемдік

Уақытша жұмыс орны болып есептелінетін «Қоғамдық жұмыс» алдын ала кәсіптік даярлауды талап етпейді және әлеуметтік бағытқа ие.

Тұрақты жұмыс тауып, орналасудың жолын ашатын бағдарламалар жалғасын табады.

«ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ» ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

Шымкентте «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы жастарды жұмыспен қамту ісі қарқынды жүргізілуде. Жұмыспен қамту орталығының мамандары жыл басынан бері 29 жасқа дейінгі 600-ге жуық қала тұрғындарына жолдама берген. Осы жылы аталған бағдарлама аясында 2500 жасты жұмыспен қамту жоспарлануда.

Бұл қалай жүзеге асады? Бастапқы жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында жас маман мекемеге 6 айға жолданады. Содан кейін, тәжірибеден өткен маман екі жақты келісіммен тұрақты жұмысқа орналасады.

Жастар практикасымен жұмыс істеп жүрген маманға 25 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде жалақы төленеді.

Бағдарламаның мақсаты — жас маманды жұмыспен қамтып қана қоймай, оның бойында іскерлік қабілеті мен жауапкершілігін арттыру.

«Еңбек» бағдарламасының III бағыты арқылы еңбек нарығындағы белсенділігі артқан жастардың бірі — Ақбілек Түзелова. Ақбілек Түзелованың жасы 23-те. Ол 2019 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін «Радиотехника электроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша бітірген.

2021 жылы жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркеліп, наурыз айында «Қазақтелеком» АҚ Оңтүстік аймақтық телекоммуникация дирекциясының бөлімшесіне «Жастар практикасы» бағдарламасымен жолданды. Қазіргі таңда радиотехник мамандығы бойынша жұмыс істейді.

Мемлекеттік бағдарламаның жемісін көрген қала жастарының бірі — Ұлбике

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ШЫМШАҒАРДЫҢ ЖАСТАРЫ

тәжірибелерді енгізу бағыты бойынша жобалар басталады.

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Шымкент қаласында жұмыспен қамту қарқынды жүргізілуде. Уақытша жұмысқа орналасқандардың бірі — Ізет Айтқұл.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша тәмамдаған жас маман біраз уақыт жұмыссыз жүрген. 2021 жылдың

Илесова. Жиырма жастағы қала тұрғыны өткен жылы М.Өтебаев атындағы жоғары жана технологиялар колледжін «Зангер» мамандығы бойынша білімін аяқтаған. Оқу бітірген соң, бірден жұмыс таба алмай, ол жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген-ді.

Ол осы жылдың наурыз айында Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ — не жастар практикасы бағдарламасымен 6 ай мерзімге жолданды.

«Жастар практикасының» мақсаты — кәсіби тәжірибе жинау. Содан кейін, қарым-қабілетінді көрсету арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болу.

Алдағы уақытта бойымдағы жауапкершілік пен іскерлігімнің арқасында тұрақты жұмысқа орналасуға жоспарым бар», — дейді жас маман.

«Жастар практикасы» уақытша жұмыс орны болып есептелінеді. Бағдарламаға 29 жаспан аспаған



жарыста шымкенттік топ «үздік команда» атанды.

Ғылыми жобалар конкурсының мақсаты — ғарыштық бағыттағы факультативтік үйірмелердің жұмыстарын жандандыру, ғарыш және ғарыштық технологиялар туралы білімдерді оқып білу және оны тәжірибеде пайдалану, дарынды оқушыларды анықтау, олардың мамандық таңдауына көмектесу.

Оқушылар ғарыштық аппаратқа және ракета тасымалдаушылар, ғарыштық биология және медицина, астрономия және астрофизика, экология және космонавтика, электроника және энергетика бағыттарында зерттеу жұмыстарын ұсынды.



басында қалалық жұмыспен қамту орталығында «жұмыссыз» ретінде тіркеліп, көп ұзамай «Жастар ресурстық орталығы» КММ-не қоғамдық көмекші қызметіне жолданды.

22 жастағы бағдарлама қатысушысы: «Жұмыссыз жүрген азаматтарға мемлекет тарапынан түрлі бағыттағы бағдарламалар ұсынылып отыр. Еңбек еткісі келетін адамға қай кезде болса да жұмыс табылады. Мен де сол ұстанымды қолдаймын. Уақытша болса да жұмысқа орналасып, табыс тауып жүрмін», — дейді.

Биыл қоғамдық жұмыспен 2 778 адам түрлі мекемелер мен кәсіпорындарға жолданды. Жоспар артығымен орындалып, уақытша жұмысқа жолдама беру әзірге тоқтатылған.

«жұмыссыз» мәртебесі бар және соңғы үш жыл ішінде жоғары оқу орындары мен колледждердің техникалық және кәсіби білім түлектері қатыса алады. Аталған бағдарламаға тек бір рет қатысуға болады. Былтыр Шымкент қаласында аталған бағдарламамен оқу орнын бітірген 2 933 жас түлек түрлі жұмыс орындарына жолданып, солардың 600-ге жуығы бүгінде тұрақты жұмыспен қамтылды. Жастардың басым бөлігі мемлекеттік мекемелерді таңдаған. Жыл соңына дейін бұл бағыт бойынша 2500 адамды жұмыспен қамту жоспарланды.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы



Қаржы

Осыдан бес жыл бұрын қолма-қол ақшасыз төлемге көшеміз деп кім ойлаған? Қалтада қағаз ақша болмаса, өзімізді дәрменсіз сезінетін едік қой. Енді ол күндер артта қалғандай.

Соңғы жылдары қаржы мекемелері кеңінен енгізген төлем инфрақұрылымы, сондай-ақ былтыр басталған карантин шаралары аталмыш нарықтың дамуына, жеке тұлғалар арасында Р2Р-аударымдардың өсуіне ықпал етті. Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы жариялаған қарталық операциялар туралы мәлімет осыны байқатты.

ҚОЛАЙЛЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ТӨЛЕМ



Сарапшылардың айтуынша, мобильдік аударым жеке тұлғалар арасындағы коммерциялық емес транзакцияларға арналса да, оның біразы шағын бизнестегі «сұр» бөліктің үлесіне келеді. Соңғы екі жылдан бері құзырлы орындар осы мәселені реттеуге қайта-қайта айналып соққанымен, жеке тұлға мен кәсіпкердің аударымын бөліп тастайтын нақты қадамдар жасалған жоқ. Оның үстіне, бұл құбылыстың экономикаға жағымды әсерін жоққа шығаруға болмайды. Атап айтқанда, ақша айналымын жылдамдатып, қаржы операцияларына кететін шығынды азайтты. Бір жағынан, бұл 2025 жылы іске қосылатын табысты декларациялауға дайындық іспетті.

«Бұл өнім қолайлы және қауіпсіз, дегенмен тұтынушы құқығын қорғауды (яғни қандай да бір тауарды сатып алғанда фискалдық чек берілмейтіндіктен) қиындатады. Бірақ мобильдік аударымдар сатушыға да, сатып алушыға да қолайлы болғандықтан, ол жағы аса ескерілмейді. Оның үстіне, фискалдық органдар жеке тұлғалардың мобильдік аударымына ешқандай салық салынбайтынына сендіріп отыр», — дейді қауымдастық мамандары.

Қалай болғанда да, мобильдік төлем қағаз ақшаны ығыстыра бастады. Айталық, былғы бірінші тоқсанында қолма-қол ақшасыз транзакция көлемі 2,2 есе артып, 12,5 трлн тенгеге ұлғайды. Осы мерзімдегі жалпы көрсеткіш — 5,6 трлн тенге.

Интернеттегі транзакция ағымдағы жылдың алғашқы үш айында 10,2 трлн тенгені немесе барлық төлемнің 81,9 пайызын құрады.

Әсіресе, Алматы қолма-қол ақшасыз төлемге толығымен көшуге жақындап қалды. Оның үлесі 71 пайыздан 83 пайызға өсті. Айналымдағы кредит картасының өсім қарқыны (+77%) дебит карталар көрсеткішінен (+38%) екі есе асып түсті. Сан жағынан дебит карталар басым (37,9 млн vs 12,1 млн) түседі. Сәйкесінше, айналымдағы дебит карталар елдегі әр 100 тұрғынға шаққанда 201 бірліктен, ал кредит карта 64 бірліктен келеді.

Мобильдік төлемнің тұрмысқа барынша енуін қалайтындар үшін жағымды жаңалық бар. Тұрғындар бұған дейін де банктің мобильдік қосымшасы арқылы түрлі салықты төлеп жүргені белгілі. Енді оларға тағы бір мүмкіндік ұсынылып отыр. Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитеті биылғы 23 сәуірден бастап eSalıq Azamat Салық әмияны мобильді қосымшасында реквизиттерді өздігінен таңдау жолымен салық төлеу сервисінің іске қосылғанын жария етті.

Қосымшаны App Store және Play Market-тен жүктеп алуға болады. Сервис жеке тұлғаларға төлеудің келесі реквизиттерін өздігінен таңдау жолымен салық төлеуге мүмкіндік береді: бюджеттік сыныптама коды (БСК), төлемнің мақсат коды (ТМК), мемлекеттік кірістер органының немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының коды (МКО/ЖӨБ), сомалар «Жеке тұлғалардың мүлік салығы, жер салығы, көлік құралдарының салығы сияқты негізгі салықтармен қатар, кәсіпкерлік қызметінің салықтарын, кеден төлемдерін, мемлекеттік баж, алымдар, сондай-ақ әкімшілік айыппұлдар, жекешелендіру, жер сатудан төлемдер және т.б. төлеу мүмкіндігі берілді.

Талап ТІЛЕГЕН

Иман

Ақтөбе қласы «Аңсар» оңалту орталығы ұйымдастырған онлайн конференцияда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы, дінтанушы Мәди Бесбаев «Діни сауаттылықты арттыруда әлеуметтік желінің орны» атты тақырыпты қозғады. Онлайн кездесу Ақтөбе облысы мен Түркістан облысы арасында дін саласы мамандарының тәжірибе алмасуы аясында ұйымдастырылды.

Дін маманы аталған тақырып бойынша өз ойын былай деп жеткізді: «Бүгінде жат ағымның жетегінде кететіндер аға буын өкілдері емес, өмірлік тәжірибесі жоқ жастар. Қоғамдағы ең әлеуметтік әлсіз буын деп жастарды айтамыз. Жастарымыз діни білімді мешіт, медреседен емес, әлеуметтік желіден алып жатыр. Ішкі сүзгіден өткізбей, уағыз насихаттарды ғаламтордан тыңдауда», — дейді.

М.Бесбаев жат ағымнан жастарды арашалау үшін ең алдымен діни сауаттылық отбасы мен мектеп кезінен басталуы керек дейді. Жастарды жат ағымнан аман алып қалу үшін

оқушылары да таң атқаннан кеш батқанға дейін ұялы телефонмен бірге. Тіпті телефоны сырласына айналған. Кейбір ата-ана баласының телефоннан не қарап жатқанын да қарамайды. Бүгінгі онлайн оқу форматының кесірі сол — ата-ана баласын сабақ



ғаламтор желісін бақылауда ұстау керек. Бұл туралы дін маманы өз ойын былайша өрбітті: «Қазақстан ашық мемлекет болған соң, интернетті бұғаттау мүмкін емес. Ол ғылымда да, экономикада да маңызды рөл атқарады. Мұны уаххабизм, салафизм бағытындағы сайттар пайдаланып отыр. Көбінесе олар радикалды тәкфирлік идеяны ашық насихаттамайды. Бірақ авторлардың бәрі уахабилік, сәләфилік ғалымдар болуы мүмкін.

ЖАТ АҒЫМҒА ҚАРСЫ КҮРЕС



ең алдымен мына нәрселерді білу керек: «Әлеуметтік желі деструктивті ағым өкілдерінің құралына айналып келді. Әлі де жалғасын тауып жатқан жайы бар. Сондықтан интернет жүйесінде оларға қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген жөн. Қазіргі жастар, тіпті мектеп

оқып отыр деп ойлайды. Бақылау жоқ. Осыны деструктивті ағымдар тиімді пайдаланады. Сондықтан ең алдымен үйдегі баласын ата-ана үнемі бақылауда ұстауы керек».

Бүгінде әлеуметтік желі — ашық кеңістік. Ондағы ақпарат сүзгіден өтіп жатқан жоқ. Сондықтан

Ондай сайттарға кірген жастар сол ғалымдарға, олардың пікіріне, таратып отырған іліміне байланып қалады. Содан кейін бірте-бірте адасады. Сәләфизмді уағыздайтын шетелде отырған ұстаздар ілімін әдемілеп аударып қойған сайттарды оқи берген адам да шатасып, түбі ақ пен қараны ажырата алмайды. Сол себепті мемлекет, мүфтият бекіткен сайттардан, мешіттердің ресми парақшасынан ғана ақпараттарды қорықпай оқуға болады», — делі.

Бүгінгі күні дін саласына қатысты туындап отырған мәселелердің шешімі тұрғындар арасында діни сауаттылықты көтеру жұмыстарын қарқынды жүргізуді талап етуде. Бұл туралы дінтанушы: «Ең басты назар жастар санатына аударылуға тиіс. Олардың әлеуметтік желіде қандай ақпарат оқитыны бақылануы керек», — деп сөзін түйінделді.

Ақтолқын ТӘЖІКОВА,
Ақтөбе облысы Темір аудандық жастар саясаты және дін істері орталығының маманы, журналист

Білім

Қашықтан білім беру, дуалды оқыту дамыған елдердің білім беру саласына ертеден енгізілген оңтайлы жүйе болып саналады. Былтыр көктемде басталған карантин шектеулері кезінде мектеп, колледж, жоғары оқу орындарының оқу жүйесі онлайн форматқа ауысқан болатын. Рас, алғашында біз қайраңда қалған қайықтай тығырыққа тірелдік. Дегенмен технологияның жаңа жетістіктерін игеріп, бойымызды үйретіп алған соң қашықтан оқыту үйдегі оқушыға да, мұғалімге де қолайлы екеніне көз жеткіздік. Өйткені кез келген уақытта, кез келген жерде байланысқа шығып, білім бұлағынан сусындауға мүмкіндік бар.

Қашықтан оқыту мен электронды білім беру барысында мұғалім мен оқушы карантиндік шектеу талаптарын толық сақтай алады. Оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасты жеңілдету үшін әртүрлі технологиялық әдістерді қолдану аясы кеңейді.

Бұл күнде ғаламтор қашықтан оқуды жеңілдететін ресурстар бай. Оқытушылар мен студенттерде сұрақтармен бөлісуге арналған форумдар, онлайн оқу құралдары, бейнеконференцияларға арналған ақысыз бағдарламалық жасақтама және ресурстарды сақтауға арналған бірнеше платформалар бар.

Қашықтан оқыту — білім беру эволюциясының қадамы. Интернет технологиясы, электрондық білім беру жүйесі және ZOOM сияқты бейнеконференция жүргізу мүмкіндіктері арқылы онлайн білім беру тәртібі де бір ізге түсті. Оқушылар көкейіндегі сауалға аз уақыттың ішінде жауап таба алады. Технология студенттерге сабақтан тыс уақытта бір-бірімен, сондай-ақ мұғаліммен байланысуға және дәріс кезінде ресурсты пайдалануға мүмкіндік береді.

Ғаламторда бір ғана тетікті басу арқылы әлемдегі кез келген адаммен сөйлесуге болады. Студенттер немесе оқушылар нұсқаушы берген ақпаратқа қалаған уақытында қол

жеткізе алады. Бірақ студенттер немесе оқушылар ақпаратты дұрыс өңдеудің өзіндік жолы мен әдісін іздеп табуы керек. Студенттерге және оқушыларға берілген бұл академиялық еркіндік оқудың өзіндік техникасын меңгеруге баулиды.

Қашықтан білім беру дәстүрлі білім беру курстарына қарағанда студенттер арасында жиі жүзеге асырылады. Студенттер өз қажеттіліктерін онлайн оқумен жүріп-ақ өтейді, уақыты мен ақшасын үнемдейді. Осы тұрғыдан алғанда, қашықтан оқу тиімді.

барады. Зерттеулер вирустың тыныс алу арқылы тез жұғатынын көрсетті. Сондай-ақ бұл вирустың ашық жерде, әсіресе пластик немесе металлда 3 күнге дейін сақталатыны дәлелденген. Ал онлайн оқу жүйесіне көшу арқылы көп адамның өмірін сақтауға, оқушы, студент немесе мұғалімдердің уақытын үнемдеуге орасан мүмкіндік туып отыр. Бірақ қашықтан оқудың қолайсыз жағы да бар. Интернеті жоқ шалғай ауылдарда жастардың сапалы білім алуына жағдай болмай тұр. Дегенмен бұл мәселе де өз шешімін табады деп сенеміз.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ – ОҒТАЙЛЫ ӘДІС



Өткен жылдан бері бүкіл әлемді әбгерге салып қойған тәжтажалдан адамзаттың қашан құтылары өзірге беймәлім. Өлім-жітімнің көбі егде жастағы адамдар арасында жиі кездескенімен, кішкентай балалардың да, жастардың да вирус жұқтыруы күн өзген сайын өршіп

Білім алу қай кезде де оңай емес. Ал қазіргі жағдайда біз жана өлістерге бейімделіп, қандай да қиындыққа сақадай-сай болуымыз керек.

Айдана ӘЛІБАЕВА,
ҚазУУ-дың
2-курс студенті

Шағын бизнес

Экономикасы мығым, әл-ауқаты жоғары елдің болашағы жарқын. Елдің дамуына шағын және орта бизнестің де қосатын үлесі мол екені мәлім. Бүгінгі таңда Қазақстанда кәсіпкерлікпен айналысып, өзінің ғана емес, басқа да азаматтардың нәпақа табуына септігін тигізіп жатқан азаматтар аз емес. Солардың бірі — ақтаулық кәсіпкер Жұлдызгүл Желденбайқызы.

орналасқан «Kurak Kogre — Gauhar» дүкенін жергілікті халық жақсы білетін болар. Ол жер атадан балаға мирас болып қалған дәстүрдің ошағындай. Себебі ою-өрнекпен көмкерілген құрақ көрпелерді, тігу өнерінің сан қырын сол дүкеннен байқауға болады.

2017 жылы шағын кәсіпті ең алғаш бастағанда Жұлдызгүлдің тігін цехында екі-ақ адам ғана жұмыс істепті. Уақыт өте келе, сапасы мен сәніне қарай бұйымдарына сұраныс артқан. Соған байланысты жаңа орынға жайғасқан. Мемлекет тарапынан да көмек көрсетілген. Кәсіпкер нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында 6 пайызбен 15 млн тенге несие алды. Осы қаражат арқылы жаңа

жұмыс орнын сайлап, тапсырыс санын көбейткен. Қазір тігін цехында 8 адам еңбек етеді. Ұжымның бір айлық табысы 1,5 млн тенгеге дейін жетіп отыр. Шағын бизнес ашып, сегіз адамды жұмыспен қамту — нарық уақытында оңай шаруа емес. Оның үстіне, кәсіпкер көптің алғысын алып, жұрттың ықыласына бөленуде. Қазақ «Шебердің қолы ортақ» деген жақсы сөз бар. Ақтауда Жұлдызгүлдің қолынан шыққан көрпе-жастық әр үйдің төрінен табылады десек, қателеспейміз.

Саусағынан өнер тамған ісмерлерді бір ортаға жинап, ортақ мүддеге бағыттау оңайға соқпайды. Бұл кез келген адамның қолынан келе бермейді. Ол үшін Жұлдызгүл

Желденбайқызы сияқты еңбеккер, табанды, алған бетінен қайтпайтын қайсар болу керек. Ал мемлекеттің демеуі кәсіпкерліктің кең қанат жаюына жағдай жасайтыны сөзсіз.

Мәулен ЖЕКСЕНБІ



Ақтау қаласының тұрғыны Жұлдызгүл Желденбайқызы тігін ісімен және тоқымашылықпен айналысады. Тек тоқыма ғана емес, ұлттық нақыштағы колөнердің дамуына зор үлес қосып жүр. Ақтаудағы 17-шағынауданда



Бірлік

Қазақстан Халқы ассамблеясы бүгінде дамудың даңғыл жолынан өтті. Уақыт сырғыған сайын ұйымға жаңа міндет жүктеліп келеді. Бірегей институт тек ұлттар арасындағы

бірлікті бекемдеуге ғана емес, экстремизм мен радикализмге жол бермеуге де жауапты. Азаматтардың саяси-құқықтық мәдениет қалыптастыруы да – осы ассамблеяның мұраты. Өткен жылдан бері аталған ұйым жұмысын тіпті де нығайта түсу мақсатында облыстардағы Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығы облыстық ішкі саясат басқармасының құрамына еніп, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығы-этносаралық қатынастар жөніндегі бөлімі болып құрылып, тынымсыз жұмыс істеп келеді. Осыған орай, Алматы облысы ішкі саясат басқармасы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының этносаралық қатынастар жөніндегі бөлімнің басшысы Сәуле Алханқызы Сұрабалдиновамен кездесіп, бірқатар сұраққа жауап іздеп көрдік.

Жас qazaq: Бүгінгі таңда Қазақстан Халқы ассамблеясының орны мен рөлін қалай бағалайсыз?

С.Алханқызы: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сұхбатында: «Мен қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Бірлік аспаннан өзі келіп түспейді. Тек қарқынды жұмыс арқылы ғана келеді. Мен кең-байтақ жерімізде татулық пен тыныштық болғанын ғана тілеймін. Мұның ең алдымен Қазақстандағы миллиондаған отбасыға керек екендігін еске саламын. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың балаларын жоқтамағанын, сәбилердің мүгедек болмауын, қарт адамдардың күйреген үйлерінің алдында қасірет шегіп жыламағанын қалаймын», – деген болатын. Әрине, осындай бірегей көзқарастың нәтижесінде елімізде Орталық Азия елдері арасында бірінші рет Қазақстан Халқы ассамблеясы құрылды. Бүгінде бұл ұйым еліміздің тұрақтылығы мен дамуындағы, бейбітшілік пен тыныштықты сақтаудағы саяси институтқа айналып үлгерді.

Жас qazaq: Алматы облысы – еліміздің стратегиялық аймақтарының бірі. Өңірімізде тарихи себептерге байланысты көптеген ұлт пен этнос өкілдері қоныстанған. Ендеше, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы осы өңірдің өркендеуінде өз үлесін қандай бағытта сәулендіріп келеді?

С.Алханқызы: Иә, Қазақстан Халқы ассамблеясы Алматы облыстық филиалының республиканың басқа өңірлеріне қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Себебі біздің аймақтағы халықтың 72 пайыздан астамы – қазақ ұлтының өкілдері, ал қалғанын өзге ұлт пен ұлыс өкілдері құрайды. Былай қарағанда, бұл жерде көпұлттылық белгісі аса байқалмайды. Бірақ Жетісу жерінде бүгінде 105 ұлттың өкілі қоныстанып, ортақ мақсат, бір тұтас тілек, береке-бірлікпен қатар өмір сүріп жатыр. Олардың қалыптасу тарихы, қоныстану жағдайы, жергілікті қазақ ұлтымен бірге сінісіп, тірілік етуінің өзіндік тарихи себептері бар. Әрине, Жетісу жері – еліміздегі маңызды, стратегиялық аймақ саналады. Өңірімізде қоныстанған этнос өкілдерінің барлық жұмысын реттеп отыру біздің бөлімнің негізгі жұмыс бағыты есептелетіні анық. Сондықтан біз күн сайын осы бағыттағы жұмыстарды қадағалап, талдап, зерттеп, зерделеп отырамыз. Сонымен қатар облыс аумағындағы қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты бақылап, мониторинг жасап, мәліметтерді апта сайын зерделеп, ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне жолдап тұрамыз. Өткен жылы да, биылғы 5 айдағы жалпы көрсеткішке қарағанда, өңірімізде ұлттар арасындағы араздықты қоздыратын, этносаралық түсінбеушілікті туындататын бірде-бір жағдай орын алған жоқ. Бұл біздің жұмысымыздың жүйелі жүргізіліп жатқанын ұғындырады. Алдағы уақытта да осы бағыттан ауытқымай, өзімізге тиесілі міндеттерді нәтижелі атқара береміз деген ойдамын.

Жас qazaq: Биылғы жылдың бес айында қандай жұмыстар атқарылғанын айтып өтесіз бе?

С.Алханқызы: Біздің жұмыс өте ауқымды. Сондықтан әр саламен тығыз қарым-

қатынаста жұмыс істеуге тура келеді. Біз қантар айында облыстық «Қоғамдық келісім» КММ этносаралық саладағы қақтығыстардың алдын алу, қоғамдық пікір көшбасшыларымен және облыстық Ассамблеяның барлық құрылымының жұмысын ілгерілету мақсатында Талғар, Еңбекшіқазақ, Кеген, Райымбек, Ұйғыр, Панфилов, Кербұлақ аудандарының ішкі саясат бөлімдері мамандарының қатысуымен семинар ұйымдастырып, алдағы атқаратын жұмыс ретін пысықтап алдық. Жобалар бекітіліп, бағыттар айқындалды. Сондай-ақ отбасының тірегі болған Аналар кеңесінің жұмысын жетілдіру үшін «Отбасы – береке, бірлік, ынтымақтастық бастауы» тақырыбында онлайн-конференция (стикер – психолог, теолог Қанат Маратұлы), «Рухтың күші – әкеде» жобасы аясында



наурыз аралығында Талғар, Еңбекшіқазақ, Карасай, Ұйғыр, Панфилов аудандарында антропологиялық әлеуметтік зерттеулер ұйымдастырылды. Ассамблея жұмысы туралы жазып жүрген, жазуға ынтылауып жүрген жас журналистер тартылған. Оларға бұқаралық ақпарат құралдарымен қалай жұмыс жасау керектігі, материал дайындауда ескеретін жайттар, жаңа айдарлар ашудың жолдары сияқты түрлі бағытта тәжірибе үйретіледі. «Бал тамған тілден у да тамалы» дегендей, ұлттар арасындағы ынтымақ пен бірлікке сына қағатын тақырыптарға деп келгенде, оны жұртқа дұрыс күйінде жеткізу үшін не істеу керектігі де үйретіледі. Осы бойынша апта, ай сайын республикалық және облыстық баспасөздерді қадағалап, мониторинг жасап, қанша мақала жазылып, бейнесюжет эфирге шығарылғанын біліп отырамыз. Бұл жұмысты жетілдіре түсу үшін биылғы жылғы облыстық ҚХА жанындағы жетекші журналистер мен сарапшылар клубының отырысында ҚХА-ның қызметін ақпараттандырудың, сұхбаттар жазудың ерекшеліктерін талқылады. Биылғы жылы да «Қазақтану» жобасына, мемлекеттік тілге, патриотизмге қатысты маңызды тақырыптар қамтылған келелі кездесулер өтті. Сонымен қатар Zoom платформасындағы онлайн-кездесуде ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспары және жанартылған құрамы, қазіргі жағдайдағы жаңа міндеттер Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы ғылыми-сараптамалық тобының жұмысын қамтамасыз ету мәселелері қаралып, бекітілді. Сондай-ақ ZOOM алаңында ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен стратегиялық сессиялар өткізіліп, 500-ден астам адам қатысты.

ТАТУЛЫҚ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ



А. Сарыбаев атындағы Кербұлақ аудандық мәдениет үйінде Аналар кеңесінің облыстық форумын өткіздік. Этномәдени бірлестіктердің белсенділері Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» мақаласын талқылауға арналған «Ұлы дала ұрпақтары» тақырыбында онлайн дөңгелек үстел өткізіп, мақалада айтылған ұлттар ынтымағы мен береке-бірлік жайлы тапсырмалар талқыланды. Медиация институтын дамыту мақсатында ZOOM алаңында «Медиация институтының жұмысы және оны дамыту мәселелері» тақырыбында «Қоғамдық келісім» КММ-де кездесу, «Этносаралық қақтығыстарды шешудегі медиация және олардың алдын алу» тақырыбында онлайн-оқыту семинары өтті. Аталған шараларға облыстық ҚХА құрылымдарының өкілдері, аудандар мен қалалардың ішкі саясат бөлімінің басшылары қатысты. Сарыөзек ауылында медиацияның кәсіби жаттықтырушысы Б.Шынғаева «Дауларды шешуде тәуелсіз орган ретіндегі медиация және оның тиімділігі мәселесі» тақырыбында онының семинарын ұйымдастырды. Оған аймақтан 31 қоғамдық медиатор қатысып, өз ойларын білдірді. Сонымен қатар ZOOM платформасында жаттықтырушы-медиатор Ж.Жақыпов, «Халықаралық адам құқығы орталығы» ҰЕҰ жетекшісінің қатысуымен «Пандемиядағы онлайн медиация» онлайн-оқыту семинарының өткенін айта кету керек.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Колданбалы этносаяси зерттеулер институтының қызметкерлерімен бірлесіп, 3-8 ақпан аралығында этносаралық қатынастар саласын бақылау мақсатында Панфилов, Ұйғыр, Райымбек, Талғар, Еңбекшіқазақ, 7-12

Ел тұтастығы, дамуымыздың алтын өзегі – осы ассамблея. Татулықты басты құндылық деп бағалайтын Қазақ елі жыл сайын 1 мамырды «Бірлік күні» деп атап өтеді. Карантин болғандықтан, мереке бүгін жаппай тойланбайды. Алайда бұл кезең де артта қалып, жаймашуақ күнді де көп ұзамай көрерміз деген үмітіміз бар.

Жас qazaq: Жыл сайын «Алғыс айту» күніне орай игі шаралар өткізіліп жатады. Оның ел бірлігіне, ұлттар тұтастығына тигізер пайдасы қандай?

С.Алханқызы: Қазақстан Халқы ассамблеясының негізгі бағыты – халықтың ынтымағы мен бірлігін сақтай отырып, Тәуелсіздіктің баянды болып, мемлекеттің дамуына ықпал ету. Осы тұрғыдан көптеген адамдар сондай ойда болатыны анық. Алайда біздің басқа да жұмыс бағыттарымыз көп. Соның ішінде жыл сайын 1 наурызда келетін «Алғыс айту» күніне орай ұтымды шаралар ұйымдастырып, ел арасындағы ынтымақты бекемдеуге жол ашуда басты бағытымыз саналады. Биыл Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Алғыс айту» күніне арналған «Туған елге – мың алғыс!» жалпыұлттық эстафетасына («челлендж») облыстық ҚХА-ның барлық құрылымы қатысты. «Алғыс айту» күніне орай Қаратал ауданында «Қазақ халқына мың алғыс» мүнәреті жанында митинг, Талдықорған қаласында Оқушылар сарайында «Біз алғысқа бөленген елде тұрамыз» жобасы аясында облыстық форумы, «Туған елге – мың алғыс» ұлттық эстафетасы жалғасты. Облыстың барлық аудандары мен қалаларында «Алғыс айту» күніне арнап әртүрлі форматтағы 1000-нан астам іс-шара ұйымдастырылды. Бұл алдағы уақытта да жалғасалды.

Жас qazaq: Бізде этнос өкілдерінің тілі мен ділін, мәдениет мен өнерін, салты мен санасын

сақтап қалу үшін барлық жағдай жасалған. Өз кезегінде олар да көмек қолын созудан аянып қалмайтын болар?

С.Алханқызы: Қазақстан Халқы ассамблеясы – көп елде баламасы жоқ ұйым. Қазақстан Халқы ассамблеясының ұлттар арасындағы ынтымақ пен татулықты сақтаудағы табысын көргеннен кейін, біраз елдер бізден үлгі алып, ассамблея жұмысын кейіннен қолға ал бастады. Расында, біз этнос өкілдері үшін көп дүние жасадық. Десе де, оларда бұл қолдауды жаңымен қатар қиын күндер болғанда, көмегін аяп қалған жоқ. Этномәдени бірлестіктер көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, ардагерлерге және жалғызбасты қарт адамдарға көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акцияларын дәстүрлі түрде өткізіп келеді. Айталық, биылғы жылы облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығы Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Карасай, Қаратал, Кербұлақ аудандарында 1 млн 300 мың теңге көлемінде қайырымдылық көрсетті. Сонымен қатар «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының өңірлік штабы Талдықорған қаласындағы 5 отбасына 35000 теңгенің, «Туған тель» облыстық татар этномәдени бірлестігі Талдықорған қаласында 5 отбасыға 50 000 теңгенің азық-түлік себетін үлестірді. Ал «Видеребург» облыстық неміс қоғамы Талдықорған қаласындағы жағдайы төмен отбасыларды дәрі-дәрмек және 80 азық-түлік себетін, 14 егде адамға 200000 теңге көлемінде көмек көрсетті. Алақол ауданында «Ляйсан» облыстық татар этномәдени орталығы, облыстық «Сафар» тәжік қоғамдық бірлестігі Еңбекшіқазақ ауданында мүгедектер үйінде 300 адамға арналған қайырымдылық ас ұйымдастырып, аз қамтылған 5 отбасына 95000 теңгеге 5 тонна көмір жеткізді, «Беларусь мәдени орталығы» ҰЕҰ, «Элефтерия» гректер қоғамы, «Алматы облысының корей этномәдени бірлестігі» Талдықорған, Ескелді және Қаратал аудандарында, «Күміс тамыр» қытай мәдени орталығы, облыстық «Балқария» балқар этномәдени бірлестігі Карасай ауданында 10 қарияға, «Ахысқа» түрік мәдени орталығының облыстық филиалы мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған 42 отбасыға, көпбалалы отбасыларға, облыстық армян этномәдени орталығы «Алпамыс» мүгедектерді қолдау, оңалту орталығына тиісінше қамқорлық жасап келеді. Жалпы, биыл облыстағы этномәдени орталықтар 2 млн 500 мың теңгеден астам қаржыға мұқтаж жандарға көмек көрсетті.

Жас qazaq: Бүгінде қандастар мәселесі, қуғын-сүргін құрбандарын ақтау сияқты тақырыптар

Қазақстан Халқы ассамблеясының мінберінде жиі талқыланатын болды. Сіздердің тарапыңыздан қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

С.Алханқызы: Біз шеттен келген қандастарды бейімдеу, ұлтымыздың ұлттық құндылықтарын танып-біліп, асылдарын қайта қалпына келтіру, осы арқылы халқымыздың ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүр, ғұрып-әдетін жаңғырту жолында еңбектенудеміз. Осыған орай, бүгінде облыс аумағында тұратын тұратын қандастармен жұмыс жүргізілуде. Ағымдағы жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Репатрианттармен жұмыс істеу үшін облыстық «қандастар» орталығының қызметін ұйымдастыру» тақырыбында лот қарастырылуда.

Алматы облысы әкімдігі жанынан саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссияның құрамы, ережесі №57 қаулымен бекітілді. Осы қаулы шеңберінде қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға қатысты жұмыстар да қолға алынады. Сайып келгенде, облыс аумағындағы қоғамдық-саяси жағдай қалыптатып, облыстағы этносаралық қатынастар мәселелері жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында.

Жас qazaq: Қазақстан Халқы ассамблеясы Қазақстан халықтарын бір мақсатқа жұмылдыруда маңызды рөл атқарды. Алдағы уақытта да осы абыройлы міндетін атқара береді деген сенім бар ғой?

С.Алханқызы: Қазақстан Халқы ассамблеясы алғаш құрылған күннен бастап, елдің ертенгі күнге деген сенімін оятты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылында ұлттық қатынастар жайлы ел арасында түрлі әңгіме өріп жүргенде Елбасы Қазақстан Халқы ассамблеясын құру арқылы алып-қашпа әңгімеге нүкте қойып, Қазақстан біртұтас мемлекет болатынын нақтылады. Сондай-ақ Ассамблея жұмысы заң тұрғысынан негізделді. Ассамблеяның мақсаты, міндеті, жұмыс жоспары «Ел бірлігі» доктринасында талқыланып барып бекітілді. Бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы осы доктринаның жалғасы, үшінші қағидаттың негізі. Өйткені рухымызды бекемдемесек, бүгінгі дәуірдегі ақпараттық тартыста көп нәрседен айырылып қалуымыз мүмкін. Осы тұрғыда Қазақстан Халқы ассамблеясы өзінің тарихи міндетін абыроймен атқарып келеді. Атқара береді де.

Жас qazaq: Қарбалас жұмыс арасынан уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рахмет.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

«Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» демекші, мен үшін Қайнарбұлақтың қадір-қасиеті ерекше, айналайын.

Бұл ауылға келген сайын есіме түсетін оқиға да, мына өмірден өткен-кеткен жақсы адамдар да көп. Сол бір қимас күндер мен сыйлас жандар көз алдыма келгенде, көңілімнің түпкіріндегі тып-тыныш жатқан бір көл толқып кеткендей болады.

Бірде осы ауылда қонсы отыратын абысын-ажындар бас қосып, өзімізше шүйіркелесіп, бір үйге жиналып жаттық. Шілдехана ма еді, тұсауқесер ме еді, қазір анық есімде жоқ. Одан беріде талай жыл өтіп, талай су акты ғой...

Сөйтпін у-шу боп, әзілдесіп, күліп, дастархан басына жайғаса бастағанмызда, сол үйдің үлкен кісісі, ауылымыздың қариясы:

— Орта толсын! — деп көпшілікке қарап ізет білдірді. Бәріміз орнымыздан жапырлап тұрып, сәлем салып жатырмыз. Ол кісі ақырын ғана басын иезіп, күлімсіреп: — Көп жасандар! — деді. Содан соң үйдегі үлкен-кішімізді көзімен бір шолып өтіп: — Мен сендерге бір ескерту жасайын деп бұрылдым, — деді даусын сәл көтере сөйлеп. — Ата жолы бойынша Түймебай ақсақалдың келіні төрге отыруы керек!

Әлгі бөлмедегі абысындарым қоғадай жапырылып, мен жаққа қарай қалыпты. Ішінде менен әлдеқайда үлкен, апамен жасты кісілер бар.

Жап-жас кезім ғой. Екі бетім дуылдап ысып барады. Бірақ ақсақалдың айтқанын екі естуге менің де, абысындарымның да хақысы жоқ. Оның үстіне, ата жолы солай болса, бас иіп, бір ауыз сөзге келмей орындауымыз қажет.

Не де болса, лып етіп төрге шығып кеттім.

Шынымды айтсам, біздің елде мұндай салт бар ма, жоқ па, осы күнге дейін анығын білмеймін.

Бірақ сол жолы алғаш рет төрдің қадірін жан-тәніммен сезіндім. Жас та болсам, ұстамды болуға, өзім келін боп түскен әулеттің үлкендеріне көрсетіліп жатқан құрметке лайық болуға тырыстым.

Сол жауапкершіліктің салмағын өмір бойы сезініп жүрейді деп, жүрегіме мықтап түйіп алған секілдімін. Бұрын «Кімнің қызысың?» дегенде, «Осы өңірге аты әйгілі жылқышы Жаманқұлдың қызымын!» деп намысқа тырысатын болсам, бұдан былай, «Елге сыйлы әулеттің келінімін» деп, еңсемді тік ұстап, өзімнен кішілерге жақсы үлгі-өнеге көрсетіп жүруім керек екен.

Міне, қарағым, жасы үлкен кісінің «Ата жолы» деп артқан сенімі, тәрбиесі осы еді.

Кейін өзіміз де ұл-қыз өсірдік. Келін түсірдік. Қыз ұзаттық.

Келіндерім — текті жердің қыздары. Әу бастағы ата-анасынан алған тәрбиесі, үлгі-өнегесі жақсы болған соң, уақыт өткен сайын алтындай жарқырап ашыла түседі.

Өйткені бала сүйеді. «Перзентім бақытты болса екен, мен жете алмаған биіктерге сол жетсе екен» деп армандайды. Ананың жаны өмір бақи баласын ойлап, қарлығаштай шырылдап өтеді емес пе.

Ал енді, күйеу балалардың жөн тіпті бөлек. Оларды ойлағанда, бір перзентінің екеу болып, қол ұстасып, өмір сапарында бірге кетіп бара жатқанына қуанасың. «Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған» деп, тегін айтпаған ғой. Түсіне білген адамға, айналайын-ау, күйеу балаға көрсеткен құрметің — өз перзентіне көрсеткен құрметің емес пе.

Ердің көңіліне түскен сәуле қосағының да көңілін жылытады.

Үлкен келінім — Гүлнар. Ақылды, қайратты, ішкі сырын кез келген адамға айта бермейтін салмақты жан. Байсейіт екеуінің тұла бойы тұңғышы Әлия қызымды алты айлығында атасы екеуміздің қолымызға қалдырып, өздері сонау Маңғыстауға жолдама алып кетті.

Қазір ойлаймын, атасы мен әжесі немересіне қамқор болады, жақсы тәрбие береді, айналып-толғанып, аялап өсіреді деп сенсе, сенген шығар-ау. Бірақ ана жүрегі өз перзентің, тұла бойы тұңғышың сағынып, аңсамады ғой дейсіз бе. Аңсады ғой. Сағынды ғой... Бірақ сыр берген жоқ.

Келініме ризамын, айналайын. Байсейіт пен Гүлнардың сол сенімінің арқасында Әлияшым атасы мен әжесінің кенже қызындай болып өсті. Біз оны немерем дейміз, қызым дейміз.

Ал енді Жансейіттің үйіндегі Жанна келінімнің көңілі — көктем, жаны — жаз, ерекше жан. Ол біздің балалардың қамқоршысы, жанашыры.

Айналайын, Бақыткелдім айтушы еді: «Жанна жеңгемнің ақ пейілі таудағы жайлау сияқты» деп.

Сөз реті келгенде айта кетейін, Бақыткелді мен жиен балам Талғат Түркияда оқыды ғой. Екеуі шетелде бірге жүріп, бірге тұрды. Кейін Жансейіт ағалары Қазақстанның Түркиядағы елшілігіне ауысып, Анкара қаласына көшіп барған кезде олар, расында да, жайлауда жүргендей болды.

Апта сайын Измир қаласынан Анкараға келіп тұрады екен. Жеңгесі оларға арнап ет асып, дастархан жаяды. «Ауылдың дәмін сағынған шығарсындар. Апам асқан еттей болмаса да, соған ұқсатуға тырысып бақтым.

Асап-асап алындар, ыстық сорпа ішіндер» деп отыратын көрінеді.

Оқуға кететін кезде Жансейіт ағасы: «Мынау бізден. Қажет болғанда жаратарсындар» деп қалталарына ақша салып берсе, Жанна да күлімсіреп: «Мынау менен» деп, өзінің қол сөмкесінен алып, екі балаға ұсынып жатады екен.

Содан да болар, Бақыткелдім: «Мен өзім ұнатқан қыздың реңі де, мінезі де Жанна жеңгеме ұқсайтын болса екен деп ойлайтынмын» деуші еді.

Құдай тілеуін беріп, Бақытымның үйіндегі Алмагүл келінім, шынында да, Жанна жеңгесіне ұқсайтын жан болып шықты.

Жанна келінім қаланың қызы ғой.

Олардың бала кезінде қалада қазақ мектептері аз болушы еді. Сондықтан болар, әке-шешесі оны орыс класына берген.



Үлкен ЖАМАНҚҰЛҚЫЗЫ

АНАНЫҢ АҚ ТІЛЕГІ

Алғаш біздің ауылға келін болып түскенде, айналадағы тіршілікке таңырқай қарап, үйдегі күнделікті жасайтын тірлігіміздің бірін түсінсе, бірін түсінбей жүрді. Бірақ мінезі ашық, жылы жүзді, әрдайым қасындағыларға қамқор, жанашыр бола білетіндіктен, бәрімізге бірден бауыр басып, тез үйреніп кетті.

Бірде үйге абысын-ажындарым келіп, есік алдындағы тапшанда шай ішіп отырғанда Жаннамыз қора жаққа қарай өтті. Мұндайда төніректегі қыбыр-жыбыр тіршіліктің бәрін көзінің астымен бағып отыратын бір замандасым:

— Әй, анау келінің бе? — деп қалды мені бір тұртып. — Бізге сәлем салмады ғой...

Оны өзім де байқағанмын. Бірақ ешқандай сыр білдірмей, жайбаракат отырған күйде:

— Қайдам, — дедім даусымды сәл көтере сөйлеп. — Осы үйдегі көп қыздардың бірі шығар.

Бір жағы, әдейі, Жаннаның құлағына жете берсін дегенім ғой.

— Ә-ә, — деп қоя салды қу замандасым менің ынғайымды байқап.

Кейін, оңашада Жанна келінім күлімсіреп, қуанып: «Апа, сіздің осы бір жақсылығыңызды ешқашан да, ешқашан да ұмытпаймын» деді.

Иә-ә, қарағым, бұл да бір жақсы тәрбиенің үлгісі шығар.

Жаратқан ием, ұл-қыз бергеніне, оларға серік етіп келін бергеніне, күйеу бала бергеніне шүкір.

Астанадағы Еуразия университетінің қызыл дипломмен бітірген ақылды, білімді, кішіпейіл Алмагүл келініме де шексіз ризамын. Өз еңбегімен, қайратымен жол салып, ұрпақ өсіріп келе жатқан асыл ана ғой ол.

«Алла өзі берген жанды өзі алады» дейміз. Жылап-жылап көз жасың таусылғанда, өзінді өзін осылай жұбатасың.

Ама! қанша... Байсейітім мен Бақыткелдімнің өмірі қысқа болды... Ерте үзілді...

Қазір Иманкелдімнің Шымкенттегі үйіндемін. Ауылдағы әжесінен қалған қара шаңыраққа иелік етіп, бау-бақшасы мен қора-қопсысын күтіп-баптап отырған да осы ұлым.

Бұл үйдегі Мөлдір келінім атына заты сай, көзі де, көңілі де мөлдіреп тұрған кішіпейіл жан. Елдің салтын, ауылдың тұрмыс-тіршілігін кішкентайынан көріп өскен. Қартайған шағымда қас-қабағыма қарап, ас-ауқатымды әзірлеп беріп отырған келініме алғыстан басқа айтарым жоқ.

Қайнарбұлаққа келгенде, көп нәрсе еске түседі.

Осыдан біраз жыл бұрын біздің Иманкелді де әжесіне ұқсап, өзінің еңбек жолын бухгалтер болып бастады. Әжесі екеуміз оған қатты қуандық.

— «Әке көрген ок жонар» деген! Көрдің бе, Қазақ, балам өз жолымды қуып, есепке жүйрік болып шықты, — дейді Қанекен.

— Әй, әкесі-ау, «Сабыр түбі — сары алтын» деген. Ел іші болған соң, тіл бар, көз бар... Сабыр сақтасайшы, — деймін мен. — Көпшіліктің көңілінен шығу оңай емес қой.

Содан соң баламды сол көпшіліктің тіл-көзінен қорғап әрі әжесінің де аптығын басқандай болып:

— Кім біледі, бұл да сен сияқты көшіп-қонып жүретін біреу бола ма, — деп қоямын.

Сөйтпін жүргенде бір күні Иманым, расында да, қабағын түйіп:

бастапты. «Шүкір, иә, бұған да шүкір» деймін күбірлеп.

Иә, содан...

Бір күні талдың көлеңкесінде әңгіме-дүкен құрып отырған бір топ кісіні көріп, ақырын аяндап, жандарына келдім. Бәрі таныс. Өзімнің қайныларым.

— Оу, жеңеше, келіңіз, — деп, аз-кем таңырқап, орындарынан тұрып жатыр.

— Рахмет. Менің сендерге айтатын бір әңгімем бар. Сол үшін бұрылып, әдейі келдім, — деймін.

— Иә?! Құлағымыз сізде.

— Айтыңыз. Сізді тыңдамағанда, кімді тыңдаймыз, — десіп жатыр.

Бәрін жағалай көзіммен бір шолып өттім. Орталарындағы ең үлкені Омархан екен. Оның өзі баяғыда, мен келін боп түскен жылы біздің үйде жүріп оқыған. Ас-ауқаттан тарығып, қарным ашты деген жоқ. Үйдегі барды әзірлеп, дастарханға қоятынбыз. Енді сол бір күндер көз алдыма қалқып келгендей болды да:

— Әй, азаматтар, — дедім күліп. — Мен осы ауылға келін болып түскенде сендер әлі бала едіңдер. Көпшілігіңнің бұттарында дамбал да жоқ, құйрықтарын жылтырап шауып жүретінсіңдер.

— Еге, бұ жеңем бір әңгімені бастады!

— Шамасы, бізді сынайын деп тұр-ау!

— деп олар бір-біріне қарап езу тартып, жымияндасып қалды.

— Қолымнан келгенінше жақсылық жасап, бастарыңнан сипап, айналып-толғанып жүргенімді білесіңдер, — дедім әңгімеді ары қарай жалғап. — Енді, міне, әрқайсың бір-бір әулеттің үлкені атанып, сақал-шаштарына ақ кіре бастағанда сол жақсылығыңды қалай ұмытасыңдар?

Қайныларым енді бір-біріне қарап, апыр-ау, біз Қазақ жеңгемізге не жазып қалдық дегендей қипақтай бастады.

Ақыры, біреуі шыламай:

— Оу, не де болса, айтып өлтірсеніңші, — деп қалды.

Осы сөзді өзім де іштей күтіп тұрғам.

— Айтсам, былай, — дедім даусымды қатайтып. — Конторға барғанда, сендер ме, әлде сендерден тараған ұрпақ па, қайдан білейін, менің балама «шешен...» деп, дауыс көтеріп кететін көрінесіңдер. Сол сөз маған онай тиелді ғой дейсіңдер ме?..

Манадан бері бұл жеңеміз не айтпақ болып тұр деп, әліптін артын баққан олар



— Бұл жерде жұмыс істемеймін. Басқа жаққа ауысамын, — деп қалың ойға батып отыр.

— Үйбай-ау, не боп қалды? — деймін шырпыр болып.

— Өз ауылың болған соң қиын екен, апа, — дейді балам. — Ана бір кісі келеді «ағайыныңмын, жұмысымды бітіріп бер» деп. Мына бір кісі келеді «мен сенің көкеңмін, давай, істі тындыр» деп. Оларға көрсетілетін қызметтің бәрі заң бойынша орындалуы керек екенін түсіндіре бастасаң, «ой, шешен...» деп былаптып сөз айтып кетеді. Бұйткенше, өзімді танымайтын, білмейтін басқа бір жерде жұмыс істегенім жақсы.

«Е-е, түсінікті...» деймін ішімнен. Мұндайда оған не айтасың?.. Күлеріңді де, жыларыңды да білмейсің. Оңтүстіктегі ағайындардың «шешен...» дейтін әдеті бұрын сырттағы елге әбес көрінуші еді. Енді, міне, өзіміздің балаларға, оқыған, көзі ашық жастарға да одағай, жат болып естіле

бір сәтке қым-жырт бола қалды да, артынша жел шайқаған қамыстай шулап:

— Жеңеше-ау, біз сізге тіл тигізбейміз ғой!

— Жақсылығыңызды қалай ұмытайық!

— Ауылдағылардың баяғыдан аузы үйреніп кеткен сөз ғой ол! Рас, кейде өзіміз де айтып қаламыз байқамай... Көңіліңізге алманыз.

— Ой, айналайын, алтын жеңгем-ай!

— Бұдан былай, ондай сөзді айтпаңдар дейміз ғой айналамыздағыларға!

— Қазақ жеңгеміздің айтқаны жөн! Жөн! — десіп жатты.

Мен басымды иезіп, ақ ниеттеріме алғысымды айтып, кері бұрылдым.

Кім білсін, әлгі қайныларыма айтқан сөзімнің шынымен-ақ әсері болды ма, әлде ауылдағылардың әлгіндей әдетіне Иман да көңілгіп алды ма, әйтеуір, балам басқа жерден жұмыс іздеймін деген сөзін кейін қайталамайтын болды.



АЙЫБЫН 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні. Тәуелсіз еліміздің тыныштығын көздің қарашығындай күзетіп келе жатқан айбынды әскерімізді ұлықтайтын мерекенің шекарашылар үшін де маңызы зор.

МЕН – ШЕКАРАШЫМЫН!



Осы орайда біз еліміздің шығыс шекарасында өздерінің азаматтық борышын өтеуге кіріскен бірнеше сарбазды таныстыра кеткенді жөн көрдік. Себебі олар өз болашағын шекарамен байланыстыруға бел буып отыр.

Сарбаздар бүгінде Шекара қызметі департаментінің Алматы облысы Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының кәсіптік-техникалық дайындық бөлімінде өздерінің шекарашылық шеберлігін шыңдау үстінде.

Қатардағы жауынгер Өмірсерік Өстенбай шекарашылар сапына осы өңірден шақырылды. Білімі жоғары, мамандығы «автоматтандыру және басқару» деп аталады. 22 жастағы сарбаз – отбасындағы екі ұлдың кішісі. Мамандығы бойынша жұмыс істеп жүргенде әскерге шақырту алады.

– Шынымды айтсам, жоғары білім аламын, сосын жұмыс істеймін деп, өзімнің біраз уақытымды өткізіп алғанымды түсінемін. Шақырту қағазын алған кезде әкем маған: «Ұлым, мен сенің жасыңда өзімнің азаматтық борышымды Украинаның жерінде өтедім. Бұл жағынан сенің жолың болды. Сен туған жерінде қызмет атқарасын. Енді сен де Отаныңның бір көлесіне жарап, әскери қызметіңді абыроймен атқарып кел!» – деді.

Әкемнің сөзі мені қатты ойландырды. Ендеше, шекара аймағында туып-өскен маған неге шекарашы болмасқа? Өзімнің бойым мен ойым ғана емес, денсаулығым да шекарашы болуға сұранып-ақ тұр емес пе? – деп жымиды сарбаз.

Үстімізге әскери форма киіп, асханадан дәм татқан соң полковник Н.Нұрманов шекарашылар туралы тамаша әңгіме айтты. Арасында өзінің шекараға арнаған ғұмырындағы ерекше оқиғаларымен бөліскен сардар: «Бізге азаматтық борышымызды өтеген соң әскери қызметке калуға ұсыныс білдірді. Бұл үшін жасалатын мүмкіндік те өте көп болып шықты. Тұрғын үй мәселесі, жоғары еңбекақы, медициналық сақтандыру. Ең бастысы, менің азаматтық өмірде алған мамандығым бойынша жұмыс істеуге толық мүмкіндігім бар. Осыдан кейін мен бірден шешім қабылдадым... Өзімнің жана ортама тез үйреніп кеттім. Негізі, әскери тәртіп адамды өзгертеді екен. Уақытынды, өзіне жақын адамдардың қадірін түсінесің. Ең бастысы, сенің жүрегіңді «Мен шекарашымын» деген ой үнемі қуанышка бөлеп тұрады», – дейді.

Қатардағы жауынгер Якуб Отарбай жақында ғана түркі елдерінің киелі астанасына айналған Түркістан қаласынан шақыртылыпты. Өзі Семейдегі Шоқан Уәлиханов атындағы «Жас ұлан»

мамандандырылған лицейінде білім алған. Бұл оның 6-сыныптан бастап әскери өмірдің дәмін татқанын білдіреді.

– Біз жыл сайын Қазақстан Республикасының даңқты қолбасшылары Бауыржан Момышұлы, Сабыр Рахымов, Сағадат Нұрмағанбетов атындағы, сондай-ақ Талғар қаласының түбіндегі «Арыстан» әскери мектебінің ең мықты деген жас ұландарымен сайысқа түсетінбіз. Осындай жарыс кезінде қаруды 18 секундтың ішінде шашып, қайта жинаудан рекорд жаңартқаным бар. Өзім қазақша күрестен «қоныр белбеу» иесімін. Оған қоса, футбол ойнаймын. Тек әлдеқандай себеппен оқуымды бітіріп, өзім қалаған жоғары әскери білім ошақтарының біріне түсу мүмкіндігінен айырылдым... Енді сол олқылықтың орнын шекарашылар сапында жүріп толтырамын деген үмітім бар, – дейді «Көктем-2021» шақырылымының жас сарбазы.

Әскерден соң қызметін келісімшарт негізінде жалғастыру үшін ол қазірден құжат жинауға кірісіпті.

Қатардағы жауынгер Асылан Алтыбасар, Алматы облысы Кеген ауданының Қарқара ауылынан. Мұнда Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының ауылмен аттас шекара бөлімшесі орналасқан.

– Біздің ауылға жақын жерде «Аманжол» деген шекара бөлімшесі тұрғанын білемін, – дейді сарбаз бізбен сұхбатында. – Ал менің шекарашы мамандығым тандауыма осынау бөлімшелердің тигізген ықпалы зор. Мектепте оқып жүргенімде бізге шекарашылар жиі келіп, ашық сабақ өткізетін. Алматы қаласында шекарашы офицерлерді дайындайтын оқу орнына түсуге шақыратын. Шынымды айтсам, сондай сәттерде мені шекара шебіндегі өмір көбірек қызықтыратын. Ит жетектеп кетіп бара жатқан шекарашыны көп көрген соң болар, мектепті бітіре салып, бірден өзімді әскери ортада сынауды шештім. Оның үстіне, біздің үйдің үлкені ағам да өзінің азаматтық борышын шекарашылар қатарында өтеген.

Сондықтан, шекарашылар сапында келісімшартпен қызмет етуге ұсыныс білдірген кезде ойланым тұрмадым. Қарапайым әрі еңбекқор жанұядан шықтым. Сондықтан болашақта да өзімнен жақсы шекарашы шығатынына сенімдімін, – деді.

...Иә, әскерде қалғысы келетіндердің ішінде бізбен сұхбаттасуға тілек білдірген үш сарбаздың тағдыры әр түрлі болғанымен, мақсаты – бір. Олар – туған жерінің әр сүйем жерін, әр түйір топырағын жан-тәнімен сүйіп, қорғайтын азаматтар. Тандау жасалды, енді оларды әскери өмірдің қиын асулары күтіп тұр. Ендеше, сәттілік!

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА, *ҰҚШ Шекара қызметінің запастағы подполковнигі*

Қазіргі уақытта адам кез келген жерден улануы мүмкін. Мысалы, еттен дайындалған фаст-фуд тағамдары, салаттар, бөліш және шауырма микроорганизмдердің ортасы саналады. Тамақ токсикоинфекциясы, яғни тағамнан улану микроорганизмдері, олар – стрептококктар, стафилококктар, ботулизм бактериялары, шигеллалар, сальмонеллалар. Сапасыз тағамдар микробтардың көбеюіне, олардың уының пайда болуына жағдай туғызып, адамның улануына алып келеді. Уланудың алғашқы белгілері тамақтан кейін бір-екі сағаттан кейін пайда болуы мүмкін. Басқа жағдайларда олар қоздырғышқа байланысты 12 және одан да көп сағаттан кейін пайда болады.

Уланған адамның жүрек айнып, құсады. Іші ауырып, іші өтеді (*тәулігіне 10-20 рет*). Көңіл күйі нашарлайды, артериялық қысымы төмендейді, пульс жиілейді, температура көтеріледі, кейде естен тану арқылы тырысулар пайда болуы мүмкін.

Тамақтан уланудың алдын алу (*профилактика*):
1. Қауіпсіз тамақ өнімдерін таңдаңыз.
2. Тамақты дайындау технологиясын сақтаңыз.
3. Піскен тамақты бірден пайдаланыңыз.
4. Азық-түліктерді мұқият сақтаңыз.
5. Алдын ала дайындалған тамақты мұқият қыздыру керек.

6. Шикі және піскен тамақ өнімдерін қатар сақтамаңыз.
7. Қолыңызды жиі жуыңыз.
8. Ас үйді таза ұстаңыз.
9. Таза сулы пайдаланыңыз.
10. Тамақты жәндіктер мен кеміргіштерден сақтаңыз.

Тазалық – денсаулық кепілі демекші, тазалыққа мән беріңіздер. Ауырып ем ізлегенше, ауырмайтын жол іздейік!

Дархан СЕЙСЕНОВ, Алматы қаласы Алаша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы,

Әсел ҚОНДЫБАЕВА, санитариялық-гигиеналық қадағалау және техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау бөлімінің бас маманы



БҒАЕ ЖҰРҒИҢІЗ:

Көктем, жаз айларында тамақтан улану жиі тіркеледі. Себебі бұл аурулардың шақыратын қоздырғыштар ыстық температурада шапшаң көбейеді. Тамақтан, яғни астан улану – тағам арқылы берілетін этиологиясы сан алуан кеселдер тобына жатады. Тамақтан улану – табиғаты микробты және микробсыз болып бөлінетін, ластанған тағамдарды қолданудан пайда болатын, қарым-қатынас арқылы жұқпайтын ауру. Оның негізгі белгілері: жүрек айну, құсу, температураның көтерілуі, денедегі ауырсыну және бас ауру, әлсіздік. Көбіне сапасыз, дұрыс өңделіп, тазаланбаған өнімдерді пайдаланудан болатын ауыр жағдай. Тамақтан улануға мезгімі өткен сүт өнімдері, нитраты көп жеміс-көкөніс, жабық консервілер себепші болады.

Уланудан сақтаныңыз!

Қазіргі уақытта адам кез келген жерден улануы мүмкін. Мысалы, еттен дайындалған фаст-фуд тағамдары, салаттар, бөліш және шауырма микроорганизмдердің ортасы саналады. Тамақ токсикоинфекциясы, яғни тағамнан улану микроорганизмдері, олар – стрептококктар, стафилококктар, ботулизм бактериялары, шигеллалар, сальмонеллалар. Сапасыз тағамдар микробтардың көбеюіне, олардың уының пайда болуына жағдай туғызып, адамның улануына алып келеді. Уланудың алғашқы белгілері тамақтан кейін бір-екі сағаттан кейін пайда болуы мүмкін. Басқа жағдайларда олар қоздырғышқа байланысты 12 және одан да көп сағаттан кейін пайда болады.



Уланған адамның жүрек айнып, құсады. Іші ауырып, іші өтеді (*тәулігіне 10-20 рет*). Көңіл күйі нашарлайды, артериялық қысымы төмендейді, пульс жиілейді, температура көтеріледі, кейде естен тану арқылы тырысулар пайда болуы мүмкін.

Тамақтан уланудың алдын алу (*профилактика*):
1. Қауіпсіз тамақ өнімдерін таңдаңыз.
2. Тамақты дайындау технологиясын сақтаңыз.
3. Піскен тамақты бірден пайдаланыңыз.
4. Азық-түліктерді мұқият сақтаңыз.
5. Алдын ала дайындалған тамақты мұқият қыздыру керек.



БӨРЕКЕАДІ:

Гарвард күтеді

Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Сезім Ертаңатов АҚШ-тағы ең үздік оқу орындарының бірі – Гарвард университетінің грантына ие болды.



Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз қызметі хабарлағандай, ол аталған оқу орнының компьютерлік ғылымдар факультетінде

білім алғалы отыр. Дарабоз оқушы: «Мен математика мен компьютерлік бағдарламаға қатты қызығамын. Сондай-ақ түрлі веб-сайттарды жасағанды, деректі фильмдер түсіргенді және өңдегенді ұнатамын», – дейді. Тамыз айында мұхиттың арғы жағына аттанғалы отырған жас өрен келешекте еліне оралып, тың жобаларды жүзеге асыруды мақсат етіп отыр.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



«Жылаған келін» қызғалдағы (Түркия)

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:
Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Гүлнар АХМЕТОВА – экономика, нарық
Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші
Қуаныш РАХМЕТ – жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Байкен ҚӨБЕЕВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Баян ЖАНҰЗАКОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)
Мәрия АЙТБАЙ – Шымкент қаласы
Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы
Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)
Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС
Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ
Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(*Бөгембай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дәуір» ЖШС РПІК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2259;
Бағасы келісім бойынша
Аптағы таралым – 5000 дана
Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқалының ұшақтарында бар.
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VP00020470 куәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.